

ЖЕҢІСТІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫН ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙДЕ ӨТКІЗІП ЕЛДІГІМІЗ БЕН БІРЛІГІМІЗДІ БИІК ДЕНГЕЙДЕ КӨРСЕТЕ БІЛДІК

1
Ұлы жеңістің 70 жылдық торқалы тойын лайықты атап өтуге аудан халқы ерте әзірлік жасады. Жүргізілетін іс-шаралардың жоспары жыл басында бекітілді. Нәтижесінде аудан бойынша мерекеге байланысты көптеген істер атқарылды. Ауданның барлық мектептерінде оқушыларға Ұлы Отан соғысы туралы және Ұлы Жеңістің қандай ерліктермен, құрбандықтармен келгені жайлы танымдық әңгімелер өткізді. Сол сияқты Жеңіске амангелділік майдангерлер мен тылгерлердің қосқан үлесі жөнінде нақты деректер мен баяндар жасалды. Жыл басынан бастап аудандық «Аманкелді арайы» газетінде Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангерлердің суреттері мен қысқаша өмірбаяндары, басқа да алуан түрлі материалдар үзбей жарияланып тұрды. Сондай-ақ, аудан орталығындағы мектептер мен мекемелерде соғыс ардагерлері Хайролла Бәйділлинмен және Ертай Мұқановпен кездесулер өткізді. Олар жас ұрпаққа Ұлы Жеңіс туралы ғибратты әңгімелер айтып берді.

Барлық шаруаның соңғы нүктесін 2015 жылдың 7-9 мамыр күндерінде өткен мерекелік іс-шаралар қойды. Атап айтқанда 7 мамыр - Отан Қорғаушылар күні салтанатты түрде атап өтілді. Соңынан бір топ жастарды әскер қатарына шығарып салу рәсімі өткізілді.

Осы салтанатты жиында аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов жұртшылықты және жас Отан Қорғаушыларды мерекемен құттықтады.

Жас Отан қорғаушылар атынан Б.Нағашыбайұлы сөз сөйлеп, өздеріне көрсетілген құрмет үшін алғыс айтты.

Салтанатты рәсім мұнан соң Қ.Әбенов атындағы мәдениет үйінде жалғасты. Онда жұртшылыққа мерекелік концерт көрсетілді.

2

8 мамыр күні барлық ауылдық округте тұратын соғыс және тыл ардагерлері Аманкелді селосына жиналды. Оларды аудан әкімі бастаған азаматтар зор ықыласпен қарсы алды. Ардагерлер «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы жанындағы халық батыры ескерткішіне тағзым етті. Аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов



Суреттерде: (солдан оңға қарай) 90 жасқа аяқ басқан Ұлы Отан соғысы ардагерлері Ертай МҰҚАНОВ пен Хайролла БӘЙДІЛДИН аудан басшыларымен және тыл ардагерлерімен бірге; Жеңістің 70 жылдығына арналған парадтан көрініс.

барша ардагерлерді Жеңіс мерекесінің басталуымен құттықтап, оларға жүрекжарды ізгі тілегін білдірді. Мұнан соң, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Уахитов сөз сөйлеп, ардагерлерге ақ тілегін жолдады.

Келесі кезекте барлық ардагерлер А.Иманов атындағы мемориалдық музейін аралап көрді. Музейде Жеңістің 70 жылдығына арнап шығарылған кітаптың тұсаукесері өтті. Келесі кезекте ардагерлерге Қ.Әбенов атындағы мәдениет үйінде аудан өнер шеберлері мерекелік концерт көрсетті.

Рәсім соңы «Ақниет» тойханасында облыс әкімі Н.М.Садуақасовтың ауданның соғыс және тыл ардагерлеріне арнап берілген қонақасына ұласты.

Жеңістің 70 жылдығын мерекелеу келесі күні - 9 мамырда Ұлы Отан соғысында қаза болған және елге келіп еңбек етіп, бақи болған барлық майдангерлерге Сатыбалды ишан атындағы «Тәубә» мешітінде арнайы дұға бағыштаумен басталды.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖЕҢІСТІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫН ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙДЕ ӨТКІЗІП ЕЛДІГІМІЗ БЕН БІРЛІГІМІЗДІ БИІК ДЕНГЕЙДЕ КӨРСЕТЕ БІЛДІК

Сағат тура 10-да аудан халқы «Даңк» ескерткіші жанына жиналды. «Шұғыла» жастар демалыс орталығы алаңында Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай «Ерлік – елдің қасиеті» атты салтанатты жиын болып өтті. Жер жүзіне нұрын шашқан Жеңіс күнінде жеңіс маршы ойналып, сол соғыстан оралмаған, армандарына жетпей қыршын жастарды, майдангер ерлерімізді бір сәт еске алып, аруақтарына іштей дұға арнап, бір минуттық үнсіздікпен бастады.

Гүл шоқтары қойылып, аспанға автоматтан салют атылып, әндерден шашу шашылды. Мерекелік құттықтау тілектер айтылып, ақ бата беріліп, жоғарғы деңгейде аталып өтілді. Еңбек және тыл ардагер ата-әжелеріміз толығымен қатынасты. Ерлігі ерең ерекше екі ардагеріміз Хайролла Бәйділлин мен Ертай Мұқанов ақсақалдарымыз Ұлы Жеңістің 70 жылдығын биыл елмен бірге қарсы алды.

Аманкелді ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің әдіскері Сәндібекова Анардың бастауымен «Жас Ұлан» оқушылар ұйымы бір кісідей жиналып келді. Жас ұландықтар саны -122 оқушыны құрады. Оқушылар ұйым мүшесі Б.Қолдасбаев атындағы мектептің 8-ші сынып оқушысы Әбдіхамит Әли ант қабылдап, қалған «Жас ұландықтар» ант етеміз,- деп 3 рет қайталады. Жиын соңы еліміздің нағыз патриоттары, өзгерістерден қаймықпайтын, еңбек құмар, білімге құштар, өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын, өршіл, қайсар «Жас Ұлан» оқушылар ұйымының әнұраны шырқалып, аяқталды.

Алаңға жиналған көпшілік еңбек және тыл ардагерлермен естелік суреттерге түсті. Балалар және жас өспірімдер спорт мектебінің алаңында мерекелік шерумен жалғасын тапты.

Осы жерде ең үлкен құрмет пен тағызым соғыс ардагерлері Хайролла Бәйділлин және Ертай Мұқанов ақсақалдарға көрсетілді.

Жиналған жұртшылықты аудан әкімі Ж. Тауқенов Жеңістің 70 жылдық торкалы тойымен құттықтады.

Салтанатты шара одан әрі аудандық орталық стадионда жалғасты. Осында әскери парад өткізілді. Көптен бері өткізіген парад болғандықтан ба, жиналған жұртшылық оның жоғары деңгейде өтуіне ризалықтарын білдірді. Ал, сағат 12-14-тің арасында соғыс және тыл ардагерлеріне стадионда тігілген кигіз үйлерде аудан әкімі Ж. Тауқеновтың арнайы қонағасы берілді. Сағат



Сырттан бірде-бір ат бәйгеге қатыстырылмады. Мұның себебі ауданда ат бәйгесі өнерін дамытуға байланысты болды.

Жеңістің 70 жылдығына арналған «Ат тұяғын - тай басар» атты ат спорты ойындарының аудандық фестивалі атшабарда табысты өтті:

6 шақырымдық Құнан жарысына - 18 ат қатынасып, Тасты аулынан Атамбозов Бердібектің «Шолпан» атты сәйгүлігі I орынды жеңіп алды. I орынға - Ахметов Әлібек атындағы жұлдені – түрлі-түсті теледидарды ұрпақтары табыс етті. II орынды - Амантоғай ауылының тұрғыны Бекмағанбетов

14-16-ның арасында аудан палуандарының күресі өткізілді. Жарыс соңында Олжас Тәжікенов түйе палуан атанды.

Тойдың ең шарықтау шегі Тойтөбеде өткізілген түрлі ұлттық ат ойындарына ұласты. Жұртшылық тайлы-таяғына дейін қалмай Тойтөбе басына жиналды. Ат бәйгесі 6-12-24 шақырымдық аламанмен түйінделді. Аламан бәйгеге су жаңа «Гранта» автомашинасы тігілді. Бір ерекшелігі бұл бәйгеге ауданның 30 елді мекенінің жүйріктері ғана қатыстырылды.

Мәдидің Күренқасқа сәйгүлігі жеңіп алып, оған Жамансарин Нұрқожа атындағы жұлде - ірі қараны ұрпақтары табыс етті. III орынды Амангелді селосының тұрғыны Сыздықов Қаныбектің «Батпақара» атты сәйгүлігі жеңіп алып, оған Есмағанбетов Серікбай атындағы жұлде - кір жуғыш машинаны ұрпақтары табыстады.

12 шақырымдық Токбәйге жарысына - 33 ат қатынасып, Тасты аулынан Атамбозов Бердібектің «Мәнсұр» атты сәйгүлігі I орынды

ЖЕҢІСТІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫН ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙДЕ ӨТКІЗІП ЕЛДІГІМІЗ БЕН БІРЛІГІМІЗДІ БИІК ДЕНГЕЙДЕ КӨРСЕТЕ БІЛДІК

жеңіп алып, оған Тауменов Нұрқан атындағы жүлде - жылқыны ұрпақтары табыстады. II орынды Амантоғай аулынан Ильясов Дүйсеннің «Күрені» жеңіп алып, оған Сейділдин Бөкеш атындағы жүлде - теледидарды ұрпақтары табыстады. III орынды Аманкелді селосының тұрғыны Байтұрғанов Елдостын «Машат» атты сәйгүлігі жеңіп алды. оған Ахметов Сейіл атындағы жүлде - газ плита табыс етілді.

24 шақырымдық Аламан бөйгеге - 29 ат қатынасып, I орынды Тасты аулынан Атамбозов Бердібектің «Торыалааяқ» аты жеңіп алды. Оған кәсіпкерлер атынан тігілген Гранта автокөлігіне демеушілік жасаған Мурзин Әскербек, Уәлиев Дәулет, Ахметов Танатар, Қаржауов Аскарбек, Давлетова Жанар, Белғожин Данияр, Дабылов Әлібек, Әлмағамбетов Нұрлыбек, Ағатапов Көбек, Сейдахметов Нұрғелділер автокөлік кілтін тапсыруды аудан әкімі Тауменов Жансұлтан Қоңыртайұлына беріп, аудан әкімі Атамбозов Бердібекке автокөлік кілтін табыс етті. II орынды - Амантоғай ауылының тұрғыны Ильясов Дүйсеннің «Жойқын» атты сәйгүлігі жеңіп алып, оған Байдәулетов Сапабек атындағы жүлде - теледидарды ұрпақтары табыс етті.

III орынды Амантоғай ауылының тұрғыны Бекмағанбетов Мәдідің «Үкілітөбел» атты сәйгүлігі жеңіп алып, оған Аюпов Жұмабек атындағы жүлде - ірі қараны ұрпақтары табыстады. IV орынды - Құмкешу ауылының тұрғыны Мырзекеев Жақсылықтың «Гүлсары» атты сәйгүлігі жеңіп алып, оған Кенжебаев Қайдар атындағы жүлде - кір



жуғыш машинаны ұрпақтары табыстады.

АУДАРЫСПАҚ
Аударыспақ жарысын 8

спортшы қатынасты I орынды - Есір аулынан Саматов Оралхан жеңіп алды. Оған Таубаев Райжан атындағы жүлде - те-

ледидарды ұрпақтары табыс етті. II орынды - аманкелділік Аюпов Жоламан жеңіп алып, оған Қақанов Саттар



атындағы жүлде - ірі қараны ұрпақтары табыстады.

КАЗАК КҮРЕСІ, ТҮЙЕ ПАЛУАН САЙЫСЫ

Түйе палуан сайысына 16 спортшы қатынасып, I орынды - Тәжікенов Олжас жеңіп алып, оған Алтынбаев Нартай атындағы жүлде - ірі қараны ұрпақтары табыстады. II орынды Дәуіт Рысбек жеңіп алып, оған Нұрғазин Мырзекен атындағы жүлде Ноутбук табыс етілді. III орынға - жерлесіміз Рахатов Халел 20 мың теңгеге демеушілік жасады. III орынды Молдашев Қорғанбек ұтып алды.

Автомашинаны тіккен ауданның кәсіпкерлері болатын.

Аманкелді кәсіпкерлерінің бұл бастамасы облысымыздың барлық аудандардың іскер адамдарына үлгі өнеге деп білеміз. Осы ат бәйгелерінде аудан кәсіпкерлері жүлдегерлерге лайықты сыйлықтар жасады. Бұл жолы аудан кәсіпкерлері асқан ұйымшылдықтың үлгісін көрсетті. Олар аударыспақ ойынына қатысқан сайыскерлерге де

лайықты сый-сыяпаттар жасады. Ал кешкі сағат 20-да орталық стадионда аудан өнер шеберлері мерекелік концерт көрсетті.

Осылайша даңқты халық батыры Аманкелді ата елі Жеңістің 70 жылдығын облысымыз бойынша ең жоғары деңгейде атап өтті. Батыр елі бұл Жеңіс мерекесін 3 күн бойы тойлады. Соғыс ардагерлері де, тыл ардагерлері де және ауданның барша халқы да жеңіс тойының жоғары деңгейде өтуіне өздерінің ризалықтарын білдірді. Елбасымыз - ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевқа осы көрсетілген құрметі үшін алғыс айтты. Сол сияқты аудан облыс басшылығына да ізгі тілектерін арнады. Ең бастысы халық енді сұрапыл соғыстың болмауын, бейбітшіліктің салтанат құрып, елдігіміздің мәңгілік болуын тіледі.

Өз тілшілеріміз.

Суреттерде: Аманкелді ауданында Жеңістің 70 жылдығын тойлаудан көріністер.
Суреттерді түсірген авторлар.

МАЙДАНГЕРЛЕРГЕ ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ

1. ҚАРАСУ АУЫЛЫНДА



2015 жылдың 7 мамыры күні сағат 10-да Қарасу ауылында Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай орнатылған «ОЛАР ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ» атты ескерткіш-тақта салтанатты түрде ашылды. Рәсімге ауылдық округтегі тыл және еңбек ардагерлері және ауылдың барша халқы қатысты. Сол сияқты ескерткіш тақтада есімдері жазылған майдангерлердің еліміздің шартарабында жүрген ұрпақтары да арнайы келіп, қатысты.

Салтанатты рәсімде аудан

әкімі Ж.Қ.Тауменов құттықтау сөз сөйледі. Аудан басшысы Ескерткіш-тақтада есімдері жазылған 60 майдангердің ұрпақтарының әкелері мен аталарының ерлігін мәңгі есте қалдыру мақсатында осы ескерткіш-тақтаны жасауға үлес қосқандықтарына ризалығын білдірді. Сол сияқты, ескерткіш тақтаны жасаған Әділет Жүнісов бастаған ауылдың шебер құрылысшыларына алғыс айтты. Ол сонымен бірге Жеңістің 70 жылдығының ауданымыз бойынша кең көлемде аталып өтіп

жатқаны туралы жиналғандарға баян етті.

Мұнан соң аудан әкімі Ж.Қ.Тауменов пен тыл және еңбек ардагері, бірнеше орденнің иегері Ғ.Садуақасов Ескерткіш-тақтаның лентасын қиды. Оның бетіне жабылған ақ шымылдық түсірілді. Тақта бетінде күні кеше соғыстан аман-есен оралып, елімізді және ауданымызды өркендетуге зор үлес қосқан ағалар мен аталардың аты-жөндері жарқырап шыға келді. Бұл жәйтке жиналған қауым қуанды. Олар шат-шадыман

шаттықтан толқып, шашулар шашты. Оны қуаныш десе жүгіріп жүретін балалар жинап, мәрес-сәре болды...

Ерлер еңбегін елеу - ұрпаққа тағлым. Қарасу ауылында өткен салтанатты рәсімдегі жағдайлар да жиналған қауымға, әсіресе, жастарға үлкен әсер етті. Жасбуын орта мектебінің оқушылары әдемі қойылым жасады, мерекелік концерт қойды. Ең бастысы: ауыл халқының қуанышында шек болған жоқ. Үлкен де, кіші де балаша қуанып, жүздері бал-бұл жанып, шаттыққа кенелді.

Қара граниттің бетіне терең етіп ойылып жазылған ескерткіш-тақтадағы ерлер есімі өздері өмірде болмаса да рухтарымен Қарасу ауылын желеп-жебеп жүрері анық. Олардың есімдерін күн сайын көрген жас ұрпақ соларша еңбек етуге ұмтылары даусыз.

Қалай болғанда да бұл оқиға - Қарасу ауылының тарихының бір жарқын беті болып қалғаны шындық.

Ескерткіш-тақта ашылған соң ауыл имамы Әнуар Жұмабайұлы соғысқа қатысқан барлық майдангерлердің рухына дұға бағыштады.

Рәсім соңынан 60 майдангердің ұрпағы ауыл халқына дастархан жайып, әке-аталарының рухтарына дұға бағыштатты. Бұл рәсімге аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Уахитұлы қатысып, қарасулықтардың бағалы бастамасына ризалығын білдірді, алғыс айтты.

Ас соңында ауыл имамы Ә.Жұмабайұлы аруақтарға арнап тағы да арнайы дұға оқыды.

Суретте: Қарасу ауылында орнатылған ескерткіш-тақта салтанатынан көрініс.

2. АҚСАЙ АУЫЛЫНДА



Осы күні ауданымыздың ең шалғайында орналасқан Ақсай ауылында да Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай майдангерлерге арналып, ескерткіш-тақта орнатылды. Оған ауыл халқы қатысты. Жиналған жұртшылықты ескерткіш-тақтаның ашылуымен «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары А.Қ.Ташимов, аудандық қорғаныс бөлімінің басшысы С.А.Аймұханов құттықтады. Жиын соңынан Сатыбалды ишан атындағы «Тәубә» мешітінің имамы Ж.Мүбәрәкұлы аруақтарға құран бағыштады.

Ескерткіш-тақта бас-аяғы 2 айдың ішінде жасалынды. Бұл жұмыстың орындалуына ауылдың белгілі кәсіпкері Махмұт Хасенұлы Ғалиев басшылық жасады. Оған Рәзия Жүнісова көмекші болды. Әрине, іс барысында қиындықтар туындады. Уақыт өткендіктен архив деректерінің болмауынан майдангерлерді түгендеу, аты-жөнін анықтау біраз қиындықтар туғызды. Алайда, соған қарамастан ауыл халқы бірлік көрсетті. Ауыл әкімі Жанай Қайырбайұлы мен мектеп директоры Айман Күлекешқызы Жеңістің 70 жылдығына байланысты атқарылатын жұмыстарды 2 жыл бұрын белгілеген болатын,

Ауыл халқы ескерткіш-тақтаның жасалуына өз ризалықтарын білдірді.

Суретте: салтанатты рәсімнен көрініс.

МАЙДАНҒЕР ҰСТАЗДЫҢ ҚАЛДЫРҒАН ІЗІ

«1913 жылы туған, қазіргі Амангелді ауданының тумасы. 1932 жылы Қостанайдың педагогикалық институтының 2 жылдық курсы аяқтағаннан кейін, мектептерде мұғалім болып қызмет жасаған. Амангелді аудандық әскери комиссариатының шақыруымен 1942 жылы әскерге шақырылып, Свердловск қаласындағы училищеге курсанттық оқуға жіберіледі. Бұл училищені аяқтағаннан соң, Оңтүстік - Батыс фронтының рота командирінің саяси бөлімі жөніндегі орынбасарлық қызметіне жіберіледі. 1943 жылдың шілде айынан бастап - Харьковтағы танк училищесінің тыңдаушысы, 1944 жылдың қыркүйек айынан бастап соғыс майданында, II Украина фронтының механикаландырылған бөлімінің арнаулы құрамында Румыниядағы, Венгриядағы соғыстарға қатысады. 1944 жылдың желтоқсан айында жараланып, Орехово - Зуево қаласының әскери ауруханасында емделеді. 1945 жылдың наурыз айында денсаулығына байланысты әскери қызметтен босайды. Елге оралып келген соң, Қарағанды облысының Осакаровка аудандық партия хатшысы, Ұлытау ауданында аудандық атқару комитетінің төрағасы, Оңтүстік Қазақстан облысының Шәуілдір және Киров аудандарында аудандық партия комитетінің екінші хатшылық жұмыстарын атқарады. Еңбек Қызыл Ту ордені, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы «Германияны жеңгені туралы» медальдары, «Тың жерді игерген үшін» үш мерекелік медальдары сияқты наградалары бар. 1973 жылы қайтыс болған».

Бұл Қостанай қаласында 2009 жылы басылып шыққан «Олар жеңіспен оралды» деп аталатын Ескерткіш кітабының 71 бетіндегі Ұлы Отан соғысы, тыл, тың, Еңбек ардагері, жалпы еңбек өтілі - 41 жылды құрайтын, қарапайым ұстаздықтан - мектеп басшысы, қарапайым әскери қызметтен - танк корпусының командирі, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы бірнеше аудандардың - аудандық атқару комитеттерінің төрағасы, аудандық партия хатшыларына дейінгі жауапты қызметтерді жақсы атқарып, есімі жаңғырып, Қазақстанның аталмыш жерлерінде аты аңызға айналған Қолдасбаев Шәкір Айтмағамбетұлы жөніндегі қысқаша мәлімет.

Шәкір Айтмағамбетұлының ары ата-балалары да қай салада болса да еліне елеулі, халқына қалаулы болып өткендер, әулеттеріне ибалылық, ізеттілік, аталы сөзге тоқтайтын, халқының жоғын жоқтайтын, білім мен ғылымға терең бойлап, ел сенімін ақтап, жұлдыздары биіктен жанған, ұлдары ұғымды,



қыздары жұғымды, ел құрметіне бөленіп жүргендер десек - асыра мақтағанымыз емес... «Текті туған жігіттің - жары өзіне лайық, Керуен бастар жігіттің - нары өзіне лайық» - деген сөз бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері Шәкір Айтмағамбетұлына арналып отырғандай. Шәкір Айтмағамбетұлының жары Мойылды-Дәмді бойындағы оншақты сұлулардың бірі болған, түріне мінезі сай - Нәзия Жүргібекқызы да өзінің өмір жолын ұстаздықтан бастаған. Бұл күндері Қолдасбаевтар әулетінен шыққан ұстаздарды бүкіл Қазақстан елі мақтанышпен атайды.

«Ұстаз болу - жүректің батырлығы, Ұстаз болу - сезімнің ақындығы, Ұстаз болу - мінездің күн шуағы, Азбайтұғын адамның алтындығы» - деп ақын Ғафу Қайырбеков жырға қосқан ұстаздардың атасы Ыбырай Алтынсариннің жолы жалғастырған Бірмағамбет Қолдасбаевтан басталған ұстаздық әулеті бірнеше буынға жалғасып келеді.

Өмір теңіз, жүзіп өтем деменіз, Ізгіліктен жасалмаса - кемеңіз, - деп бір кездердегі Жүсіп Баласағұнның айтқан асыл да нақыл сөзі осы Қолдасбаевтар әулетіне арналғандай. Шәкір Айтмағамбетұлының сүйікті қызы Зинаида бұл күндері Нәзіпа Құлжанаовадан кейінгі Торғай, Қостанай, Ақмола өңірлеріндегі ғалым қыздарымыздың бірі екенін қалың ел біледі.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Зинаида Шәкірқызы Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ұстаздарды тәрбиелеудегі, қарапайым ұстаздан кафедра басқарып, декандыққа дейін көтерілуі, Нәзіпа Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің Республикалық деңгейдегі беделді оқу отауына айналуында төккен терінің нәтижесі елге аян.

Шәкір Айтмағамбетұлының Аскарынан өрбіген ұрпақтар да ұстаздық жолды таңдаған. Ал Шәкір Айтмағамбетұлының ұстанымы: Тәртіпке бас иген - құл болмайды, Тәртіпсіз ер болмайды,

- деген есімі ел есінде, аты аңызға айналған әйгілі Бауыржан Момышұлының сөзін бойында да, ойында да ұстанған ол:

«Әділ бидің алдынан іс кетпейді, Жәбірлікті бекерге істетпейді. Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешіп, Абыройын кісінің еш төкпейді... - деп Байжігіт бидің сөзімен айтқанда өмірде өте әділ, көпшіл, адал болған.

Жат жерде жакын тауып, Тар жерде ақыл тауып, Ағайынды ардақтай біліп, Азды көпті салмақтай біліп, Дос- жаранға ардақты, Сары алтындай салмақты болған-екен.

...Өмірінді сарып қылып өлгенше, Жоба тап, жол көрсет, келешек қамы үшін, Қайтадан, қайырылып қауымға келмейсін. Барынды, нәріңді тірлікте бергейсін. Ғират алар артыңда із қалдырсаң,

Шың бақыт, осыны ұқ, мәңгілік өлмейсің, - деген Шәкәрімнің өсиетіндей, Шәкір Айтмағамбетұлының рухын Ұлы Жеңістің 70 жылдығына байланысты еске ала отырып, ұрпақтары әулеттерінің ұстанған ұстаздық жолды абыроймен жалғастырып келе жатқанын өңіріміздің ұстаздар қауымының кез-келген мүшесі тиянақтай алатынын айту абзал. Ұлы Отан Соғысының барлық сұсты да өте ауыр жылдары соғысқа дейінгі туғандардың балалық шағын жоқ қылып, ерте есейіп, соғыстың не екенін, қара қағаздың не екенін, құлағыннан өтіп, бойынды еріксіз билеп екетіп, елді еңіреткен көз жастарының күзсі болып, еңбекке ерте араласып, күннің аптабына қақталып, суығына үсік шалып, шөлің қанбай, қарның тоймай, қып-қызыл болып атқан таңнан, қып-қызыл болып күннің батқан қысы, жазғы сұмдық ауыр күндер мен түндерді өткізгенімізді еске алып, көзіне елестетудің өзі азаптың азабы. Балалық шағы соғыстың уақытындағы суыққа шалынғандардың барлығы да тыл ардагері

болуға лайық. Өкінішке орай, бұл тақырыптағы әңгімені қозғағаның үшін кінәліге саналып осы уақытқа дейін аман-сау жеткендер - үкіметтің, елдің қамқорлық, құрметтеріне ие бола алмай келеді.

Елімізге осыншама сұрапыл апат, қайғы, көз-жасын, жетімдік қасіреттерін әкелген Ұлы Отан соғысының зардабын шеккендерді ұмытуға болмайды, қатарлары сиреп қалған ардагерлерді құрметтей жүріп, қатардан озғандардың есімдерін естен шығармау - жер басып жүргендердің бәрінің адами парызы болып саналады.

Отан үшін от кешкендерден, соғысқа қатыспағанмен, соғысқа қатысқандардан кем емес еңбек майданына ат салысқан Нәзия Жүргібекқызы сияқтылардың қатарлары аз да болса әлде де ортамызда, сол соғыс ардагерлеріне, оларға теңестірілген және тыл ардагерлеріне, соғыстан оралмағандар мен оралғандардың отбастарына қамқорлық жыл бойы жасалып тұрса қандай ғанибет болар еді...

Шәкір Айтмағамбетұлы еске алу барысында Ұлы Отан соғысынан оралмаған ағаларымызбен, аз-мұз оралғандарды жалаң аяқ, жалаң бас қарсы алып, шексіз қуанышқа бөленетінбіз.

Сол Шәкір Айтмағамбетұлымен мен, осы Арқалық қаласында кездестім. Мінезі - тұйық, өте байсалды, өмір мектебінң қиын-қыстау сатыларынан өткендігі білініп тұратын. Белгібай ғана еркелеп, әзілге басқанда, көңілін қалдырмай, оның ырығына көнетін.

Жалпы алғанда, Қолдасбаевтар әулетінен тарағандардың әрқайсыларына, айталық Әлім ағай, Кәрім ағай дей бастасақ болды бұл ұстаздардың қалдырған іздері, ғылыми еңбектері жөніндегі әңгіме арнайы кітаптар мен киноларға желі болуға лайық екенін осы салада еңбек етіп жүргендердің барлығы да мойындары сөзсіз. Өрине, мен қаламы ұшыр, кәсіби қаламгер болмағандықтан - ойы ұшқыр қаламгерлерге бұл айтып отырған назым да болар. Шәкір Айтмағамбетұлы туралы бұрын да бірнеше газет беттерінде, әр жылдары біраз мәліметтер жарияланыпты, бірақ әлі де тереңірек бойлаған дұрыс болар еді деп санаймын.

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толуына орай еске алып отырған Шәкір Айтмағамбетұлының елге жан аямай жасаған еңбектері, жақсылықтары ол дүниеде алдынан шығып, жатқан жері иман нұрына бөленсін! Әумин!

Еркін ҚОЖАХМЕТҰЛЫ,
еңбек ардагері, Арқалық қаласы.

ӘКЕЛЕР РУХЫНА ТАҒЗЫМ



Ұлы Отан соғысына менің 4 бірдей әкем броньдары болсада, өздері әскери комиссариатқа қайта-қайта барып, қайта-қайта тіленіп аттанған. Олар Жамансарының 4 ұлы: Торғайбай, Шүкен, Белғожа, Нұрғожа. Бір қызығы бұлардың төртеуіне де сол кездегі аудандық партия комитетінің ықпалымен соғысқа бармас үшін бронь берілген. Бірақ соған қарамастан олар өзге замандастары сияқты соғысқа баруды қалаған. Бірде Шүкен әкеміз аудандық әскери комиссариатқа барып:

- Ертеде бір кісі көп ауырып, емделіп жазылған соң «көлем-өлем деп өлмей қалғанын молдадан ұят болды-ау» - депті. Сол сияқты біздің ағайынды төртеуіміздің бронь алып, соғысқа бармауымыз былайғы жұрттан ұят. Ертең ел бетіне қалай қараймыз? Кейбір қариялардың маңдайына басқан жалғыз ұлдары соғысқа аттанып жатқанда Жамансарының 4 бірдей баласының ең болмаса бір-екеуі солармен бірге майданға бармауы дұрыс шешім емес. Біреу болмаса біреу алдағы уақытта бетімізге басып, тіпті кінәлар. Сондықтан неде болса бізді соғысқа жіберіңіз. Ажалымыз жетсе өлерміз, жетпесе елге келерміз, - дейді.

Сонда әскери комиссар басын шайқап:

- Шүкен, сен не деген қызық адамсың? Броньды сендерге мен берген жоқпын. Аупартком берді. Мен олардың тапсырмасын орындауға міндеттімін. Сендердің



төртеуінді де тылдағы тірлікке керек деп отыр. Маған кейбір адамдар «бізді соғысқа жібермеші» - деп өлердегі сөзін айтып, өтінеді.

Ал сен біз соғысқа барамыз деп қиғылық саласың. Жарайды. Мен сендерді соғысқа жіберейін. Ол үшін аудан басшыларына барып, осы

өтінішінді айт. Олар барсын десе, менің еш қарсылығым жоқ, - дейді.

Мына сөзден соң Шүкен әкем аупарткомға барып, әскери комиссариатта айтқан өтінішін қайталайды. Өздерін соғысқа жіберуді өтінеді. Олар да бұл жайға таң қалып, әскери комиссарға Жамансариндердің бәрін де соғысқа жібер! Бірде-бірін елде алып калма! Өз обалдары өздеріне. Жаны ашыған жақсылығымызды білмеген бұлардың ешбіріне аяушылық болмасын! Бәрін жібер! - деп қатан тәртіп береді.

Сөйтіп, 4 бірдей әкем Торғайбай, Шүкен, Белғожа, Нұрғожа Жамансариндер бірінен соң бірі соғысқа аттанады. Осы 4 әкемнің екеуі жаумен соғыста ерлікпен қаза болып, екеуі елге аман-есен оралады. Оралмағандары Торғайбай мен Шүкен. Оралғандары Белғожа мен Нұрғожа. Торғайбай әкем 1944 жылдың 9 ақпаны күні қаза тапса, Шүкен әкем 1944 жылдың 10 ақпаны күні хабар-ошарсыз кеткен. Екеуінің арасы 1-ақ күн. Шүкен әкемнен содан бері дерек жоқ. Қашан табылады? Әзірге белгісіз. Немістер Жеңістің 70 жылдығынан кейін барлық архивтерді ашады деген сөз бар. Бір табылса сонда табылып қалар. Немерелес үлкен әкеміз Бекқожа Алтынсарыұлының айтуы бойынша Шүкен - ағайынды екі қожаның 5 баласының ішіндегі өжеті де өткірі, алған бетінен қайтпайтын табандысы. Шүкен жау қолына тірі түсуі мүмкін емес. Ол жау қолына түскенді ар санайтын адам екен.

Басқа да білетін кісілердің айтуынша Шүкен әкем ағайын-туысқа, елге жаны ашитын қамқор кісі екен. Көпшілікке таныс Шіменбай ақсақал бірде:

- Әй Айтбай, сен Шүкенов болып жазыласың ғой. Шүкен - өте жақсы

адам еді. Көзіміз көрді. Елден алғыс алған кісінің бірі болатын, - деген еді.

Айта кеткен жөн, біздің әулет Торғайдан Батпаққараға 1928 жылдың басында қызмет бабымен келген. Торғайдағы Иванов мектебін бітірген Шүкен әкем орысша сауатты болған. Оны үйездік билік аудандық тұтынушылар одағына қойма менгерушісі етіп жіберген. Сол қызметті адал атқарып, халықтың да биліктің де көңілінен шыққан.

Соғыстың Жеңіспен аяқталғанына 70 жылдан асып барады. Мен Шүкен әкем туралы іздегірі жасаудамын. Ол кісіден түбі бір дерек боларына сенемін. Аманкелді ауданының беделді де белді азаматы болған Шүкен әкем мен Торғайбай әкемді әрдайым есіме алып отырамын. Өйткені олар Отан соғысында мерт болды. Олардың есімдері де, еңбектері де елмен бірге жасай берсе деп тілеймін.

Бәріміз де - пендеміз. Бірақ, мен оларды пенделілікпен еске алып отырған жоқпын. Бұл ретте біздің әулеттің соғысқа өздері тіленіп барып, Жеңісті жақындатуға үлес қосқанын айтқым келді. Ағайынды 4 жігіттің екеуі майдан даласында қалып, екеуінің елге аман оралуы - қалың ұрпақтың жалғасуына жол ашты. Менің қолымнан бар келері арманда кеткен қос боздақ Торғайбай, Шүкен әкелеріме Алладан иман тілеу ғана. Екеуін де дұғадан тастаған емеспін. Құран Кәрімнің нұры, шарапаты оларды пейіш төрінде аялап жүргені анық. Өйткені олар нағыз шаһиттер болатын.

Айтбай ШҮКЕНҰЛЫ,
зейнеткер.

Суретте: (солдан оңға қарай) Мұханбетжан Нұрмағанбетов, Шүкен Жамансарин (отырған) және аты әзірге белгісіз аудандық тұтынушылар одағының бір қызметкері.

Маман мінбері

ЕКПЕНІҢ БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЗИЯНЫ ЖОҚ

Соңғы жылдары балаларда кездесетін түрлі жұқпалардың алдын алу үшін егілетін вакциналарға ата-аналар қарсылығы бой көрсеткенінен хабардармыз.Балаларға екпе /вакцинация/ жасау – адамзаттың үздік жетістіктерінің бірі. Екпе арқылы жер шарында миллиондаған бала өлімнен, мүгедектіктен аман қалды. Бір кездері талай тағдырды үзген шешек /оспа/ ауруының жойылуы бұл сөзіміздің дәлелі. 1977 жылғы қазаннан бастап дүниежүзінде шешекпен ауырған бірде-бір наукас тіркелмеген. Осыған байланысты КСРО заманында 1979 жылы шешек ауруына қарсы балаларды егу тоқтатылып, екпе күнтізбесінен ысырылды. Күні бүгінге дейін қауіпті жұқпалы аурулардың қатарында болған полиомелит те жойылудың аз-ақ алдында, бұл да екпе жасаудың нәтижесі. Алайда, әлі де екпе жасау арқылы жоюға немесе әлсіретуге болатын жұқпалардан жер бетінде жыл сайын 4 миллионға жуық бала өлім құшады екен. Бірақ инфекция жұқтырған балалардың қаншасы мүгедек болғандығын, оларды емдеуге, сауықтыруға кеткен қаражаттың мөлшерін нақты есептеп шығару мүмкін емес. 2009 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Үкіметі «Қарсы профилактикалық егу жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу ережесін және халықтың жоспарлы егілуге жатқызылатын топтарын бекіту туралы» №2295 қаулы қабылдағанды. Сол құжатқа сәйкес, инфекциялық және паразиттік ауруларға қарсы профилактикалық егулер республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі. Екпелердің едәуір бөлігіне мемлекет тарапынан қаражат бөлінеді. Жергілікті бюджет «А» вирусты гепатиті, тұмау, күйдіргі, туляремияға қарсы егулерді қаржыландырады. Аурулардың алдын алу мақсатында егілетін екпенің алғашқысы нәресте дүниеге келген бойда перзентханада егілсе, одан кейінгілері кезең-кезеңмен 56 жасқа дейін егіліп отырады.

Инфекция – адам талғамайды. Сондықтан, бірен-саран қарсылық көрсеткендерге де мұқият түсіндіру жұмыстарын қолға алып, міндетті түрде егу жұмыстарын жүргізу ке-

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ НАЗАРЫНА!

Кедендік одақтың техникалық талап регламентері және бірлескен санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай келмейтін, адам ағзасына қауып тудыратын төмендегідей тағам түрлерін хабарлаймыз:

1. Молоко «Простоквашино» 6 %, ОАО «Компания Юнимилк», г.Москва ул. Вятская, 27 (KZ.7500042.01.01.01789 от 28.03.14г.);
2. Молоко «Простоквашино» 2,5 %, ОАО «Компания Юнимилк», г.Москва, ул.Вятская, 27 (KZ.7500042.01.01.01789 от 28.03.14г.);
3. Молочный коктейль «Простоквашино» шоколадный 2,5%, филиал ОАО «Компания Юнимилк», г.Ялуторск, ул. Сирина д.1, (KZ.7500042.01.01.01793 от 28.03.14г.);
4. Молочный коктейль «Простоквашино» 2,5% , филиал ОАО «Компания Юнимилк», г.Ялуторск, ул. Сирина д.1, (KZ.7500042.01.01.01793 от 28.03.14г.);
5. Сливки питьевые ультрапастеризованные «Простоквашино» 10% ОАО «Компания Юнимилк», г.Москва ул. Вятская 27, (KZ.7500042.01.01.01790 от 28.03.14г.);
6. Сливки питьевые «Простоквашино» 20% ОАО «Компания Юнимилк», филиал «Молочный комбинат» г.Ялуторск, ул. Сирина д.1 (KZ.7500042.01.01.01790 от 28.03.14г.).
7. Молоко питьевое ультрапастеризованное 3,2% «Просток-

«ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН САТЫП АЛҒАНДА ТУЫНДАЙТЫН ҮЛКЕН МӘСЕЛЕЛЕРДЕН ӨЗІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАУ ҚАЖЕТ»

Жаңа заманауи телефонды сатып алу – көп адамдардың арманы, ол арманның орындалуы үшін, өзіңді жаңа заттың сынып қалаудан қорғау қажет. Ұялы телефондардың сапасына көптеген шағымдар түсіп жатады, және де басқа телефондар емес өте қымбат телефондарға. Жиі кезде сатып алушылар растайтын құжаттарын алмайды және осымен өздері үлкен проблемаға тап болады. Біріншіден, чек ішінде сатушының барлық реквизиттері берілген, телефон сынған кезде оны тауып алуға оңай болады. Екіншіден, чек – ол телефонды осы сауда нүктесінде сатып алғанның дәлелі. Кепілдеме талоны – ол да құжат, ол да сатып алған затыңызды растайды, бірақ сатып алушы ұқыптылықты көрсету қажет, талонда мөр қойылғанына көзін жеткізу керек, және ол қандай мөр. Жай ғана «Төлөнді» деген баспа-таңба емес, ЖК немесе ЖШС толыққанды мөрі болуы тиіс. Бұл маңызды. Өйткені мұндай мөрде сатушының барлық деректері бар.

Әрине қолданыстағы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңнамасына сәйкес сатып алушы чек не талонды жоғалтқан болса тауарды сатып алғаны жөнінде

ӨЗ ҚҰҚЫҒЫҢЫЗДЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Көптеген дүкендерден «Тауар айырбасталмайды және қайтарылмайды» деген жазуды жиі көреміз. Бұл заңға қайшы. Пенденің затты сатып алып, үйіне әкелген соң оның көңілінен шықпайтындығына немесе сай келмейтіндігіне көз жеткізіп жататын кездері болып тұрады. Бұндай жағдайда, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14,30-баптарына сәйкес сатып алушының қолында тауарды сатып алғанын растайтын құжаты болса, бүлінбеген (тіптен пайдаланылмаған) тауарды 14 күн ішінде сол тауарға ұқсасына айырбастап алуына болады. Егер құжатты жоғалтып алған болса, тұтынушының тауарды айырбастап алуы немесе қайтаруы сол сатып алушыдан (өндірушіден) тауарды сатып алғанын дәлелдеген жағдайда ғана мүмкін болады.

рек. Міне, әлем халқы вакцинасы жоқ жұқпалы аурулардан зардап шегіп жатқанда, алдын алу вакцинасы белгілі қауіпті дерттен сақтандыратын екпелерге ата-аналардың қарсы шығуы ақылға сыйымсыз. Қазіргі таңда 27 түрлі ауруды вакцинамен ауыздықтауға болатыны анықталған. Яғни, жұқпалы ауруларға қарсы күрестегі бірден-бір құрал, халықты егумен толық қамту екенін жұртшылықтың жаппай түсінуі маңызды.

Дәрігерлердің айтуынша, вакцина биопрепарат болған соң, егуден кейінгі асқыну /баланың дене қызуының жоғарлауы, жергілікті ісінулер, аллергиялық реакциялар/ болуы мүмкін. Бірқатар ата-аналар осы аталған асқынуларды желеу қылып, екпеден бас тартуда. Ұрпағымыздың дені сау болып, ұзақ өмір сүруі үшін мемлекет тегін ұсынып отырған екпелерден неге бас тартамыз. Жұқпаға қарсы егілмеген бала сол жұқпалардың қайнар көзі болып саналады, яғни инфекцияны таратушы. Ал егілген бала, тіпті ауырып қалған жағдайда да ауруы өте жеңіл түрде өтеді.

Балалар – елдің болашағы. Олар – біздің ұлы байлығымыз. Сол үшін де балаларға келешекке жетелейтін тура жол көрсетіп, дені сау ұрпақ өрбітуі қажет. Бұл жерде ата-ананың да ролі үлкен. Егер ата-ана да денсаулығына мән беріп, салауатты өмір салтын ұстанса, сөз жоқ, ондай ата-анадан дені сау бала өмірге келеді. Ал дені сау бала – жарқын болашақты қалыптастырып, еліміздің гүлденуіне септігін тигізері анық. Сондықтан, екпеден бас тартпай балаларымызға екпе салдыртуға асығайық!

А.ОСПАНБЕК,
«Амангелді аудандық Тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» РММ басшысы

К.АХМЕТОВА,
«Амангелді аудандық Тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» РММ жетекшісі маманы

вашино» 950 гр производства ОАО «Компания Юнимилк», РФ, г. Москва, ул. Вятская 27, дата производства 19.08.2014г. 8. Молоко питьевое ультрапастеризованное 3,2% «Шадринское» 950 гр производства ОАО «Компания Юнимилк», РФ, г. Москва, ул. Вятская 2, д. 13-14 к, дата производства 20.09.2014г. 9. Молоко питьевое ультрапастеризованное 2,5% «Шадринское» 950 гр производства ОАО «Компания Юнимилк», РФ, г. Москва, ул. Вятская 2, д. 13-14 к, дата производства 20.08.2014г. 10. Молоко питьевое ультрапастеризованное 6 % «Шадринское» 950 гр производства ОАО «Компания Юнимилк», РФ, г. Москва, ул. Вятская 2, д. 13-14 к, дата производства 20.08.2014г. 11. Молоко концентрированное стерилизованное «Шадринское» 7,1%, филиал Компании ОАО «Юнимилк «филиал «Молочный комбинат Ялуторский», РФ, Тюменская область, ялуторский район, г.Ялуторск, ул.Сирина, д.1. 12. Кефир «Простоквашино», 3,2%, РК, TOO «Danone Berkut» дата изг. 24.02.15г., годен до 20.03.15г. 13. Сыр плавленый «Сливочный» 45% марки PRESIDENT, изготовитель ООО «Лакталис Истра, РФ, д.в. 27.11.2014 г. до 25.07.2015г. (KZ.7500548.01.01.35239 от 27.03.14г.).

«Амангелді аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» РММ

фактіні дәлелдеу үшін куәгерлердің түсініктемесі беру-ге құқығы бар. Дегенмен ең дұрысы тауарлық чек пен кепілдеме талонын сақтап қалу болады. Сатып алған кезде міндетті түрде ұялы телефонның толық жинақталғанын тексеру қажет. Егер тауарды дүкенге қайтаруға тура келсе, ал жинақтамасында бір зат жетіспейтін болса, онда Сізге сатылған тауардың жинақтамасы толық болмағанын дәлелдей алмайсыз. Сатып алушы істен шыққан телефонның орнына дәл сондай жұмыс істейтін телефонға ауыстырып беруді немесе сол телефонның құнын алуды талап етуге құқығы бар. Айта кететін жайт – істемей тұрғанын дәлелдеу қажет. Сондай-ақ Сіз өзіңіз оны суға батырмағаныңызды және түсіріп алмағаныңызды. Сараптаманы сервис орталықтары және арнайы аккредиттелген ұйымдар өткізеді. Сараптаманың қорытындысы және басқа да құжаттар болған жағдайда, тұтынушының сот ісін жеңіп шығудың мүмкіндігі арта түседі.

«Амангелді аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» РММ

Тек бұл ереженің дәрілік заттарға, медициналық мақсатта-ғы бұйымдарға, шұлық бұйымдарына, жануарлар мен өсімдіктерге, метрлеп сатылатын тауарларға, атап айтқанда, талшықтан жасалған маталардың барлық түрлеріне, трикотаж және тұтас перде маталарына, жасанды теріге, кілем бұйымдарына, матаға жатпайтын материалдарға, бауға, шілтерке, жиектемеге, сымға, кабельге, линолеумге, багетке, таспаға, клеенкаға қатысы жоқ.

Ал өндірушіде айырбастауға қажетті тауар болмаса, сатып алушы төлеген сомасын қайтарып алуға құқылы. Заңды оқып, өз құқығыңызды білгеніңіз абзал!

А.Оспанбек,
«Амангелді аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» РММ басшысы

ПАЦИЕНТТЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТІ

Құрметті аудан тұрғындары! Біздің медициналық ұйымда, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 58-бабына сәйкес, ПАЦИЕНТТЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТІ (Ішкі бақылау қызметі) құрылды. ПАЦИЕНТТЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТІ функцияларына медициналық көмек көрсету тәртібінің бұзылу фактілерін анықтау кіреді. Осыған байланысты, егер Сіздер:

Медициналық көмек көрсету сапасымен қанағаттанбасаңыз;

Медициналық қызметкерлер тарапынан дәрекі қарым-қатынасқа ұшырассаңыз;

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтер үшін медицина персоналының ақшаны талап ету фактілерімен кездессеңіз;

Сондай-ақ, егер СІЗ медициналық қызмет көрсету тәртібіне немесе сапасына байланысты проблемалық мәселелерге кез болсаңыз СІЗ ПАЦИЕНТТЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТІНЕ жолығуға құқылысыз.

Объективтілік және ашықтық қағидаттарын сақтау мақсатында Сіздің шағымыңызды комиссиямен және Сіздің қатысуыңызбен қарастырылатын болады.

Сіз өзіңіздің шағымдарыңызды аты-жөніңізді және мекен жайыңызды көрсетіп аурухана кіреберісінде орналасқан өтініштер мен шағымдарға арналған жәшікке қалдырсаңыз болады, сондай-ақ шағымды аурухананың сайтына қалдырсаңыз болады: сайттың мекен жайы amangeldi-crб.kz/

Пациенттерген қолдау көрсету қызметі Сіздің шағымыңызды мүмкіндігінше қысқа мерзімде қарап, күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде шағымды қарау нәтижесі бойынша ақпаратты ұсынады.

Көрсетілген телефон номеріне: 8/71440/50045 хабарлассаңыз болады.

Пациенттерге қолдау көрсету қызметіне ем қабылдап жатқан пациенттер, сонымен қатар олардың туыстары шағымдануға болады.

Р.ЕСМАҒАМБЕТОВ,
«Амангелді орталық аудандық аурухана» бас дәрігері.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

«Сыбайлас жемқорлыққа жол «ЖОҚ» дейік!» - осындай ұранмен жемқорлыққа қарсы күреске арналған бағдарламалардың іске асырылуына және жемқорлықты біржолата жою мақсатында көптеген семинарлар өткізілуде. Бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі – сыбайлас жемқорлықпен қарсы күресу. Бұл мәселе қоғамның, Қазақстанның экономикалық және саяси өмірінде ең маңызды мәселе болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру елдің дамуының жалпы мемлекеттік міндеті. Оның байқалуы азаматтардың құқықтарына және мүдделеріне шек қойып, заңдылықтың принциптерін бұзады. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзреттері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі, Әкімшілік құқық бұзышылық туралы кодексі, Еңбек кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі негізгі нормативтік құқықтық актілері болып табылады. Осы аталған саладағы қабылданған заңнамалардың басты мақсаты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп қатерден республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, осыған байланысты құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді тиісті жауапқа тартумен қатар, демократиялық негіздерді, мемлекеттік басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімдерін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағытталғаны жөнінде атап өту қажет.

Жалпы елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың кешенді және тиімді жүйесі қалыптасқан деп айтуға болады. Жаңа құқықтық механизмдерді, ақпараттық мүмкіндіктерді пайдаланып, жемқорлықтың алдын алу және сауықтыру үшін қоғам мүшелерін көбірек тарту қажет. Сыбайлас жемқорлық қазіргі заманғы қоғамның аса бір көкейкесті мәселелерінің бірі болғандықтан, ең қиыны сыбайлас жемқорлық халықтың сенімін жояды, қоғам құру жолындағы оның күллі шешімдерін жоққа шығарады. Бұл кеселмен күресу үшін еліміздің әр азаматы заң жағынан сауатты болуы керек.

Е.МУСТАНОВ,
«Амангелді аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» РММ заңгері

ЖРВИ МЕН ТҰМАУДЫҢ ПРОФИЛАКТИКАСЫ

ЖРВИ мен тұмау туралы не білеміз?

Тұмау –барлық жедел респираторлық вирустық инфекциялар /ЖРВИ/ ішінде кенінен танылған ауру. Мамандардың айтуынша, соңғы жиырма жыл ішінде ЖРВИ-мен сырқаттанушылардың күз айларына, ал тұмау желтоқсан-қаңтар айларына сәйкес келіп жүр.

Жалпы, тұмау туралы айтар болсақ, мамандар оны үш түрге, яғни А, В және С түріне бөліп қарастырады. А тұмауы –ең қауіптісі. Ол әрдайым түрлене отырып, әртүрлі эпидемияларды туғызады. Ал, В вирусымен көбінесе балалар сырқаттанады. С вирусы шамамен тұрақты деуге болады, бір рет ауырған адамда өмір бойына оған қарсы иммунитет пайда болады. Вирустың осы түрі кең таралғандықтан ересек адамдар онымен өте сирек ауырады. Көбіне ЖРВИ мен тұмаумен асқынғандар / пневмония, жүрек, қан тамыр аурулары / созылмалы сырқаттарға әкеліп соқтырады.

ЖРВИ мен тұмау -дің негізгі белгілері:

ЖРВИ мен тұмаумен ауырмаған бірде-бір адам жоқ шығар, сондықтан оның белгілері баршаға таныс. Инфекцияны жұқтыру мен сырқаттану арасындағы инкубациялық кезеңі екі аптаға дейінгі аралықта созылады. Тұмау тиген адам өзін нашар сезініп, дене қызуы көтеріледі, басы ауырады, кейін мұрыны бітеліп, тамағы ауырып, құрғақ жөтел басталады. Сондай-ақ, әлсіздік бой алып, тамаққа тәбеттің соқпауы, қатты қалтыраумен сипатталады. Егер, науқастың вирустық инфекциясы немесе тұмауы жеңіл болса, дәрігер оны үйінде емделуге кенес береді. Мұндай жағдай отбасының басқа мүшелеріне де зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан, вирустық инфекциямен немесе тұмаумен ауырған адамнан сақтану үшін әркім жеке бас гигиена ережелерін қатаң ұстауы керек. Маусымдық тұмау мектептерде, көпшілік баратын жерлерде тез тарайды. Инфекцияның жаппай таралуы кезінде

адам көп жиналатын жерлерге /кино,театр/ сирек барып, көбірек жаяу жүрген дұрыс. Егер науқас өзін жайсыз сезіне бастаса, бірден дәрігерге келіп, анализ тапсыруды ескертеді.

ЖРВИ мен тұмау -дың алдын алу шаралары:

- ең бастысы, санитарлық-гигиеналық тәртіптің сақталуы, соның ішінде әсіресе, қоғамдық жерлерден келген соң міндетті түрде қолды сабынмен жасылап жуу;
- жұқтыруды болдырмау үшін, адамдар жөтелген кезде ауыз қуысымен мұрынды қол орамалмен жабулары керек;
- антигриппин, оксолин майы күніне бірнеше рет мұрын жолдарын майлау және басқа да алдын алу дәрі-дәрмектерін пайдалану;
- сұйықтықты мол ішу,оның ішінде пияз,сарымсақ, қызыл бұрыш және де С дәруменіне бай /орамжапырақ,қара қарақат, бұлдірген, лимон, апельсин,итмұрын/тағам өнімдерін көбірек пайдалану;
- бөлмелерді кем дегенде екі рет желдетіп отыру керек. Сонымен қатар,дене шынықтырумен де айналысып, таза ауада көбірек жүрулері керек. Егер жақындарыңыз ауырып қалса, оларды мүмкіндігінше оқшаулап, жеке бөлмеге жатқызу қажет. Аурудың алдын алудың ең тиімді жолы- вакцинация болып табылады. Вакцинация – қауіптің жоғарғы тобына жататын ең кіші жастағы балалар, егде және созылмалы сырқат адамдарға жүргізіледі. Сондықтан, деніңіз ерқашан сау болсын десеніз, жоғарыдағы алдын алу шараларын орындап, дұрыс тамақтанып, салауатты өмір салтын ұстануды ұмытпаңыз!

К.АХМЕТОВА,

**«Амангелді аудандық ТҚҚБ» РММ
жетекшісі маман**

Ақпараттық хабарлама

«Амангелді ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» КММ жарғылық капиталында мемлекеттік қатысудың 100% үлесін сату бойынша коммерциялық тендер өткізеді.

Сауда-саттық 2015 жылдың 16 маусымында сағат 10.00-де мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында өткізіледі.

Амангелді ауданының коммуналдық меншік нысандарын сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысымен бекітілген жекешелендіру объектілерін сату Ережелеріне (бұдан әрі – Ережелер) сәйкес жүзеге асырылады.

1. «Аманкелді арайы» газетінің редакциясы ЖШС жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесі, Қостанай облысы, Майлин көшесі 14. Бастапқы баға 1157413 теңге. Кепілді жарна 115741 теңге.

Тендер шарты:

- Негізгі қызмет бейінін бес жыл бойы сақтау;

- Жұмыс орындарын сақтау, сол сияқты еңбек ұжымымен қол қойылған ұжымдық шарт бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету, 5 жыл бойы;

Коммерциялық тендерді өткізу тәртібі:

Коммерциялық тендерге қатысуға өтінімдерлі ашу сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген күн мен уақыттың басталуы бойынша тізілімнің веб-порталы арқылы автоматты түрде жүргізіледі.

Коммерциялық тендерді өткізу барысында комиссия ұсынысы жекешелендіру нысаны үшін ең жоғары бағаға ие болған және тендердің шарттарын қанағаттандырып қатысушыны тендердің жеңімпазы деп жариялайды. Егер тендерде екі және одан көп қатысушының ұсынысы бірдей ең жоғары бағаны қамтитын және тендер шарттарын қанағаттандыратын болса, онда осы қатысушылардың арасында ұсыныстары бірдей ең жоғары бағаны қамтитын және тендер шарттарын қанағаттандыратын қатысушылардың басқа өтінімдерінен өтімі бұрын қабылданған қатысушы тендердің жеңімпазы болып танылады.

Егер тіркелген тендерге қатысушылардың саны екеуден аз болса, онда жекешелендіру объектісі бір ғана қатысушыға сатылуы мүмкін үшінші және одан кейінгі сауда-саттықты қоспағанда, тендер өтпеген деп жарияланады. Егер тендер өтпеген деп жарияланса, сатушы тендердің өткізілмегені туралы актіге қол қояды.

Коммерциялық тендердің жеңімпазы коммерциялық тендер аяқталғаннан кейін электрондық хаттамаға қол қою үшін сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық пошта арқылы хабарлар етіледі.

Коммерциялық тендерде сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама тізілімнің веб-порталында қалыптастырылады, оған сауда-саттық өткізілетін күні сатушы мен коммерциялық тендердің жеңімпазы ЭЦҚ-ны пайдалана отырып қол қояды. Коммерциялық тендер кезінде сатушы тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушылардың электрондық мекенжайларына коммерциялық тендер нәтижелері туралы электрондық хабарламаны жібереді, оған сауда-саттық нәтижелері туралы хаттаманың электрондық көшірмесі қоса беріледі.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама сауда-саттық нәтижелері мен жеңімпаздың және сатушының тендердің нәтижесі болып табылатын шарттармен жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін тіркейтін құжат болып табылады. Жеңімпазбен жасалған сатып алу-сату шартына сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Егер жеңімпаз коммерциялық тендер нәтижелері туралы электрондық хаттамаға не сатып алу-сату шартына көрсетілген мерзімдерде қол қоюдан бас тартқан жағдайда, сатушы тендер нәтижелерінің күшін жою туралы актіге ЭЦҚ арқылы қол қояды.

Коммерциялық тендерге қатысу үшін мыналарды көрсете отырып, тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет: 1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), тегі, аты, әкесінің атын (бар болса); 2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы, бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); 3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі

банктегі есеп айырысу шотының деректемелері; 4) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail).

Коммерциялық тендерге қатысушы ретінде тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттыққа қатысуға өтінімді тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

Коммерциялық тендерге қатысушылар өтінімді мынадай: 1) мемлекетке тиесілі акцияларды сату кезінде – акцияларына иелік ететін акционерлік қоғамдар туралы ақпаратты қамтитын акционерлер тізілімінен (хабарламаның жариялану сәтінде) өзінді-көшірмелерді; 2) тендерге қатысушы қол қойған, тізілімнің веб-бетінде арнайы бөлінген электрондық конвертке жүктелетін тендерлік ұсыныс пен бағалық ұсынысты; 3) сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген сатып алушыға қойылатын ерекше шарттар мен қосымша талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық (сканерленген) көшірмелерін қоса тіркейді.

Шетелдік заңды тұлғалар қазақ және/немесе орыс тілдерінде нотариатты куәландырылған аудармасы бар құрылтай құжаттарының нотариатта расталған көшірмелерін ұсынады.

Коммерциялық тендердің жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде сатушыға салыстырып тексеру үшін мынадай құжаттардың:

1) жеке тұлғалар үшін: паспорттың немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың; 2) заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің не анықтаманың; 3) заңды тұлға өкілінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттың, сондай-ақ заңды тұлғаның өкілі паспорттың немесе оның жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқаларын міндетті түрде көрсете отырып, олардың көшірмелерін не нотариатта куәландырылған көшірмелерін ұсынады.

Коммерциялық тендердің жеңімпазы сатушыға сатып алу-сату шартына қол қойған кезде өтінімге тіркелген құжаттардың түпнұсқаларын не нотариатта куәландырылған көшірмелерін ұсынады.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырып тексерілгеннен кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.

Назар аударыңыз! Тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуына қатысушының хабарламада көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ сауданың өткізілетін туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына кепілдік жарнаның түскені туралы мәлімет болмаған жағдайда, тізілім веб-порталы қатысушының өтінімін кері қайтарады. Сауда қатысушыларын тіркеу хабарлама жарияланған күннен басталады және коммерциялық тендердің басталуына екі сағат қалғанда аяқталады.

Тізілімнің дереккөрында бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына кепілді жарнаның түскені туралы мәліметтер болған жағдайда, тізілімнің веб-порталы өтінімді қабылдау және қатысушыны коммерциялық тендерге жіберуді жүзеге асырады. Тізілімнің дереккөрында бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына кепілді жарнаның түскені туралы мәлімет болмаған жағдайда, тізілім веб-порталы қатысушының өтінімін кері қайтарады. Сауда қатысушыларын тіркеу хабарлама жарияланған күннен басталады және коммерциялық тендердің басталуына екі сағат қалғанда аяқталады.

Тізілімнің веб-порталы автоматты тексеру нәтижелері бойынша тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына өтінімді қабылдау не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына аукцион өткізілген күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде мына мекенжайында қол қойылады: Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді селосы, Майлин көшесі, 14-үй, 208-бөлме.

Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарна «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ, БСН 050540004455, «Қазкоммерцбанк» АҚ-дағы № КЗ529261501102032004 шотына, БСК КЗКОКЗКХ, КБ 16, төлем коды 171, енгізіледі. Қосымша ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады: 8(71440) 2-15-65.

Қосымша ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады: 8(71440) 21565 және amangeldy-finans@mail.ru сайтын-да. Техникалық жәрдемінін телефоны 8(7142) 501-887.

ТАЗА АУА - ТІРШІЛІК КЕШІЛІ

Адам әрекеті тек жер бетіндегі суды ғана емес ауаны да ластап келеді. Күн сайын өнеркәсіп орындары ауаға орасан зор улы газшығарып жатады. Олар ауамен бірге адам мен жануарлардың денесіне сіңеді және жер бетіне шөгеді.

Осы уақытта ауаға улы қосындыларды жібермеу, адамзат баласының алдында тұрған үлкен проблемалардың бірі.

Ауаның әр түрлі жолмен былғануы атмосферада бірте-бірте түпкілікті мутагенді өзгерістер тудырады. Мысалы, қалалардың үстін әр түрлі газдар мен ұсақ бөлшектерден тұратын қарақошқыл (не тұман екені, не бұлт екені белгісіз) түтін басып тұрады. Осындай құбылстардан қала ішіне күн сәулесінің ультракүлгін сәулесі жетпейді. Осыған байланысты қала ішінде неше түрлі жұқпалы ауру тарататын микробтар көбейіп кетеді. Олар неше түрлі көз, тері өкпе дерттерін адамдарға дарытады. Адамдар көп мөлшерде ауруға шалдығады. Әсіресе тұмау адамдарды әбден әлсіретіп жібереді. Өнеркәсіп орындары атмосфераны әр түрлі газдармен және ұзақ қалқып жүретін майда шаң-тозандармен де ластайды. Әйткені ауа өне бойы бір жерде тұра бермейді, Жел арқылы басқа жаққа ауысып отырады да улы,зиянды заттарды тарата беред.Ауаның жер бетіндегі қабатын автомобиль және өнеркәсіп газдары мен түтіннен тұратын қалың тұман басады. Күн сәулесі жиналған газдарды (фотохимиялық реакция) ыдыратып, әр түрлі улы қоспалар түзеді. Ол кезде адамдардың көзі ауырады, өкпесін улы газ толтырады, үздіксіз жөтеліп тынысы тарылады.

Атмосфера ластануының зардабы сан алуан, Шаң-тозан жер бетіне шөгеді де оны ластайды. Басқа да тастандылар бар. Олар радиоактивті емес, алайда өте қауіпті тұтынушы өзіне-өзі қызмет ететін магазиннен сіз күні бұрын өлшеніп, целлофан қапшыққа орап салынып қойылған конфеттерді сөреден аласыз. Сіз өзінің ұлыңызға сыйға тартатын плюш аюды синтетикалық мөлдір қапшыққа мұқият оралып, сырты әсем бантпен байланған. Шампунь немесе ваннаға арналған қылқан сұйығы жұмсақ пластик флакондар сатылады. Біздің тұрмысымызда товарды көріктендіретін химиялық ыдыстар биосфераға түседі де, оны ластайды.Сондықтан көптеген қалдықтарды контейнерлерге салып бітеп, немесе үй қасынан тереңдікте шұңқыр қазып тастауымыз қажет. Бұлда болса аула ішіндегі, үй манындағы тазалығымызды сақтауымызға, ластануымыздан сақтауды қамтамасыз етеді.

Деніңіз сау болсын!

А.ТҮЛКІБАЕВА,

КРҰЭМТҚҚК «КОСЭСО» РМҚК Аманкелді ауданы бойынша филиалының сангизертхана лаборанты



Информационное сообщение

КГУ «Отдел финансов акимата Амангельдинского района» проводит коммерческий тендер по продаже 100% доли участия в уставном капитале организаций с участием государства.

Торги состоятся 16 июня 2015 года в 10.00 часов на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Продажа объектов коммунальной собственности Амангельдинского района осуществляется в соответствии с Правилами продажи объектов приватизации, утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан от 09 августа 2011 года № 920 (далее – Правила).

1.100% доли участия ТОО «Редакция газеты «Амангелді арайы», Костанайская область, Амангельдинский район, улица Майлина, 14, Стартовая цена -1157413 тенге, гарантийный взнос-115741 тенге.

Условия тендера:

-Сохранение основного профиля деятельности в течение 5 лет; - Сохранение рабочих мест, а также обеспечение исполнения обязательств по коллективному договору, подписанному с трудовым коллективом, в течение 5 лет;

Порядок проведения коммерческого тендера:

Вскрытие заявок на участие в коммерческом тендере производится посредством веб-портала реестра автоматически по наступлению даты и времени торгов, указанных в извещении о проведении торгов.

При проведении тендера комиссия объявляет победителем тендера участника, предложение которого содержит наивысшую цену за объект приватизации и удовлетворяет условиям тендера

В случае, если на тендере предложения двух и более участников содержат одинаковую наивысшую цену и удовлетворяют условиям тендера, то победителем тендера среди данных участников признается участник, заявка которого принята ранее других заявок участников, чьи предложения содержат одинаковую наивысшую цену и удовлетворяют условиям тендера.

Если количество зарегистрированных участников тендера менее двух, то тендер объявляется несостоявшимся, за исключением третьих и последующих торгов, на которых объект приватизации может быть продан единственному участнику.

Если тендер объявляется несостоявшимся, продавцом подписывается акт о несостоявшемся тендере. Победителем коммерческого тендера уведомляется о результатах торгов по электронной почте для подписания электронного протокола после завершения коммерческого тендера.

Протокол о результатах торгов в коммерческом тендере формируется веб-порталом реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем коммерческого тендера в день проведения торгов.

При коммерческом тендере продавец направляет на электронные адреса участников, указанные на веб-портале реестра, электронное уведомление о результатах коммерческого тендера, к которому прилагается электронная копия протокола о результатах торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты торгов и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи объекта приватизации на условиях, являющихся результатом тендера. Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня подписания протокола о результатах торгов.

В случае не подписания победителем в установленные сроки электронного протокола о результатах коммерческого тендера либо договора купли-продажи, то продавцом подписывается акт об отмене результатов тендера посредством ЭЦП.

Для участия в коммерческом тендере необходимо предварительно зарегистрироваться на веб-портале реестра с указанием:

1) для физических лиц: индивидуального идентификационного номера (далее – ИИН), фамилии, имени и отчества (при наличии); 2) для юридических лиц: бизнес-идентификационного номера (далее – БИН), полного наименования, фамилии, име-

ни и отчества (при наличии) первого руководителя;

3) реквизитов расчетного счета в банке второго уровня для возврата гарантийного взноса;

4) контактных данных (почтовый адрес, телефон, факс, e-mail).

Для регистрации в качестве участника коммерческого тендера необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно приложению к настоящему Правилам, подписанную ЭЦП участника.

Участники коммерческого тендера регистрируют заявку с приложением электронных (сканированных) копий следующих документов:

1) при продаже принадлежащих государству акций – выписки из реестра акционеров, содержащей информацию об акционерных обществах, которые владеют акциями участника (на момент опубликования извещения);

2) тендерного предложения и ценового предложения, подписанного участником тендера, загружаемого в электронный конверт на специально отведенной веб-странице реестра;

3) подтверждающих соответствие особым условиям и дополнительным требованиям к покупателю, указанным в извещении о проведении торгов.

Иностранные юридические лица представляют нотариально заверенные копии учредительных документов с нотариально заверенным переводом на казахский и/или русский языки.

Победитель коммерческого тендера представляет продавцу при подписании договора купли-продажи копии следующих документов, с обязательным предъявлением оригиналов для сверки либо нотариально засвидетельствованные копии указанных документов:

1) для физических лиц: паспорта или документа, удостоверяющего личность физического лица;

2) для юридических лиц: свидетельства либо справки о государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица;

документа, удостоверяющего полномочия представителя юридического лица, а также паспорта или документа, удостоверяющего личность представителя юридического лица.

Победитель коммерческого тендера также представляет продавцу при подписании договора купли-продажи оригиналы либо нотариально заверенные копии документов, прикреплённых к заявке.

Оригиналы документов после сверки возвращаются в течение одного рабочего часа.

Внимание! Основанием для отказа веб-порталом реестра в принятии заявки является несоблюдение участником требований, указанных в объявлении, а также непоступление за два часа до начала торгов гарантийного взноса, указанного в извещении о проведении торгов, на специальный транзитный счет единого оператора.

В случае наличия в базе данных реестра сведений о поступлении гарантийного взноса на специальный транзитный счет единого оператора, веб-портал реестра осуществляет принятие заявки и допуск участников коммерческого тендера. При отсутствии в базе данных реестра сведений о поступлении гарантийного взноса на специальный транзитный счет единого оператора веб-портал реестра отклоняет заявку участника.

Регистрация участников торгов производится со дня публикации извещения и заканчивается за два часа до начала коммерческого тендера.

По результатам автоматической проверки веб-портал реестра направляет на электронный адрес участника, указанный на веб-портале реестра, электронное уведомление о принятии заявки либо причинах отказа в принятии заявки. Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня проведения торгов по адресу: Костанайская обл. Амангельдинский район, с. Амангельды, ул Майлина, 14, каб. 208.

Гарантийный взнос для участия в тендере вносится на счет АО «Информационно-учетный центр», БИН 050540004455, КЗ529261501102032004 в АО «Казкоммерцбанк», БИК КЗКОКЗКХ, КБ 16, КНП 171.

Дополнительную информацию можно получить по телефону: 8(71440) 2-15-65 и на сайте: amangeldy-finans@mail.ru. Телефон технической поддержки 8(7142) 501-887.

ГАЗЕТТІҢ 1937-1977 ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕДАКТОРЛАРЫ

Аудандық «Социалистік шаруа» газетінің 1935-1936 жылдардағы тігінділері Ұлттық кітапханада сақталмаған. Сақталғаны - 1937 жылғы тігіндіден бері қарай. Оларға жауапты редактор **М.Жайлаубаев** қол қойған. Алайда бұл жылғы газеттің небәрі 5 нөмірі ғана сақталған, газет латын қарпімен шығарып тұрған, 1938 жылғы даналары да сирек тігілген. Газеттің 1939 жылғы нөмірлерінің көбі жоқ. Бірақ оларға да М.Жайлаубаев қол қойған.

1939 жылдан бастап М.Жайлаубаев жоқ кезде **И.Мұғанов, Ж.Ибраимов, К.Татсыхов, К.Сәлімбаев, Қ.Тайшықов, С.Есжанов** деген кісілер уақытша редактор ретінде қол қойып жүрген.

1940-1941 жылдары М.Жайлаубаевпен қатар **О.Садықов, Ж.Жанғабылов** деген кісілер уақытша жауапты редактор ретінде қол қойған.

Ал 1942 жылы жауапты редактордың міндетін уақытша атқарушы редактор болып **Дияр Нұрымов** ақсақал қол қойған. Газеттің осы тұстағы тиражы - 1233 дана болған. Осы 1942 жылдан бастап газет латыннан қол үзіп, кирилл қарпітерімен шыға бастаған. Алайда, аудандық газетке 1937-1943 жылдар аралығында негізгі редактор М.Жайлаубаев болған.

1943 жылдың 5 қаңтарынан бастап 1945 жылдың 5 қаңтарына дейін жауапты редактор **Дияр Нұрымов** болған. Ал, 1945 жылдың 5 қаңтарынан бастап 1949 жылға дейін белгілі жазушы, кәсіби журналист, республикалық Коммунистік Журналистика Институтының (КИЖ) түлегі - **Бақыт Бәйегізұлы Иманов** жауапты редактор болған.

1949 жылдан бастап - 1952 жылға



дейін **Қайдар Қожагелдин** жауапты редактор болған. Бұл кезде Қайдармен қатар **Байпақ Татаев, Қанапия Бисекеева, Әбдіғали Жақаев, Е.Өмірбеков** деген кісілер уақытша жауапты редактор болып, қол қойып келген.

Ал 1952 жылдан бастап **Әуеш Жоламанов** жауапты редактор болған. Осы тұста **Бейсенбек Әбенов, Әбдіғали Жақаев** ағалар уақытша жауапты редактор ретінде қол қойып жүрген.

1958 жылдан - 1960 жылдың сәуіріне дейін **Бөгетбай Әлмағанбетұлы** редактор болған. 1960 жылдың сәуір-мамыр айларында **Кәрім Айтмағанбетов, Нұрхан Кемешовтер** редактор болып қол қойып жүрген. Бұл кезде газеттің тиражы - 1370 данаға жеткен. Сәл кейінірек - 1237 данаға төмендеген.

Ал 1960-1964 жылдар аралығында **Тұраш Ержанов** және ҚазМУ-дің түлегі, белгілі журналист **Хамит Жұмабекұлы Жансарин** редакторлық еткен. Ол - кезінде



біздің ауданымызда аудандық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарған **Жұмабек Жансариннің** баласы. 1964 жылдан - 1977 жылдың 1 шілдесіне дейін **Бөгетбай Әлмағанбетұлы** екінші рет редактор болды. 1977 жылдан бастап **Еренғайып Әбдіхалықов** редакторлық жасады.

Жоғарыда аттары аталған жауапты редактор және уақытша жауапты редактор болған М.Жайлаубаев, К.Татсыхов, И.Мұғанов, Ж.Ибраимов, К.Сәлімбаев, Қ.Тайшықов, С.Есжанов, О.Садықов, Е.Өмірбеков деген кісілер туралы бүгінгі ұрпақ түгілі 60-тан аса бастаған біздің өзіміз жете біле бермейміз. Сондықтан да, көпті көрген үлкен кісілерден осы аттары аталған азаматтар туралы нақты деректер және мақалалар күтеміз. Қалай болғанда да, бұл кісілердің барлығының аудандық газетті дамытуға қосқан өзіндік үлестері бар. Әсіресе, М.Жайлаубаев деген кісі көп жыл-



дар редакторлық еткен еңбегі зор адам деп білеміз.

Мұнымен қатар, Жаңбыршы Жанғабылов, Дияр Нұрымов, Бақыт Иманов, Қайдар Қожагелдин, Бейсенбек Әбенов, Әуеш Жоламанов, Нұрхан Кемешов, Кәрім Айтмағанбетов, Қанапия Бисекеева, Байпақ Татаев, Әбдіғали Жақаев секілді жауапты редактор, уақытша жауапты редактор болып қол қойған кісілер туралы да деректер мен суреттері болса, жаңғыртып жариялар едік. Аудандық газет тарихында М.Жайлаубаевтан кейін шәкірт тәрбиелеген редакторлар: Б.Иманов, Б.Әлмағанбет, Е.Әбдіхалықов. Бақыт ағаның шәкірттері Т.Ыдырысов, С.Әсіпов, Б.Әлмағанбет болса, Бөгетбай ағаның шәкірттері өткен ғасырдың 30-40-50 жылдары дүниеге келген жастар. Соңғы шәкірттері біздер - 50-ші жылдардың балалары. Ал Еренғайып аға сол 50-інші



жылдардың бірқатар балалары мен 60-шы жылдарда дүниеге келген жас журналистерге ұстаз болды. Ол 10 жыл (1977-1987) редакторлық жасады.

Алдағы уақытта «АМАНКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ» атты кітап шығарғымыз келеді. Оған редакцияда әзірге 1937 жылдан күні бүгінге дейін әртүрлі қызмет істеген барлық адамдар туралы жазсақ, суреттерін жарияласақ дейміз. Бұл оңай шаруа емес, көптің көмегі керек. Үлкен кісілердің білетін редакторы немесе журналисі туралы жазып беруін өтінеміз, таза болмаса редакцияға келіп, егер жүре алмайтын болса, бізге телефон соғып шақырса, барып, жазып алар едік.

Құрметті қауым! Сіздер жоғарыда аттары аталған редакторлар мен басқа да қызметкерлер туралы білген болсаңыз, хабарласыңыз. Телефондарымыз: 2-10-57; 2-38-10.

Бас редактор

Суреттерде: (солдан оңға қарай) Д.Нұрымов, Б.Иманов, Б.Әлмағанбетұлы, Е.Әбдіхалықов.

ТОҚСАНҒА ТОЛАТЫН ТӨРТ ТАРЛАН

Құрметті оқырман! Таауда, аудандық газеттің шыға бастағанына 80 жыл толғалы отыр. Газет – өмір шежіресі һәм айнасы десек, сол айнаны жасаушылар журналистер мен баспагерлер екені белгілі. Сондықтан бүгінгі нөмірден бастап аудандық газеттің барлық ауыртпалығын көтерген, қиын жылдарда қызмет жасаған газетшілер мен баспагерлер туралы танымдық материалдар жариялайтын боламыз.

Кезінде аудандық газет редакциясы мен баспаханада әр жылдарда қызмет жасаған ардагер қаламгер, баспагер ағаларымыздың үшеуінің туғандарына биыл 90 жыл толғалы отыр. Ал Аяла қаласа, көзі тірі біреуі 90 жасын атап өтуге ниет жасауда. Олар:

Сапабек ӘСП: - 1925 жылы туған. Қазір Алматы қаласында тұрады. Тыл және еңбек ардагері. Бірнеше кітаптың авторы. Әсіресе, жер мәселесі және Қазақстандағы 1932 жылғы алапат аштық туралы кітаптары қалың оқырман тарапынан жоғары бағаланған. Сол тұста Қ.Р.Мемлекеттік сыйлығына да ұсынылған, әдебиетші ғылым, филология ғылымдарының кандидаты.

Еңбек жолын 1945 жылы аудандық «Социалистік шаруа» газетінде бастап, 1957 жылға дейін жауапты хатшы болған. 14 Социалистік Еңбек Ері туралы алғаш циклді мақалалар жариялаған.

1957-1973 жылдар аралығында Жанкелдин аудандық «Біздің Торғай» (кейін «Жаңа өмір», «Торғай тынысы» атанған) газетінің редакторы, сол аудандық партия комитетінің идеологиялық хатшысы, одан соң облыстық



«Коммунизм таңы» («Қостанай таңы») газеті редакторының бірінші орынбасары болған.

1973-1985 жылдар аралығында Қазақ Совет энциклопедиясында ғылыми қызметкер, бөлім басшысы, бас редактордың бірінші орынбасары болып қызмет атқарған. Алматы Жоғары партия мектебін өндірістен қол үзбей жүріп бітірген.

Қазтай АХМЕТЖАНОВ – 1925 жылы туып, 1994 жылы қайтыс болған. Соғыс және еңбек ардагері. Соғыстан оралысымен 1946-1976 жылдар аралығында аудандық баспаханың директоры болып 30 жыл қызмет атқарды. Кейін сол баспаханада қаріп теруші болып жұмыс жасап, зейнеткерлікке шықты. Аудан баспагерлерінің бірнеше буынына ұстаз болды. Сонымен қатар бірқыдыру жас журналистерге де тәлім-тәрбие берді. Газетті безендірудің әралуан тәсілдерін ерінбей үйреткен еңбегін біздер тірлікте ұмытпауға тиіспіз.

Ол кісінің құрдастарынан бір артықшылығы – өзі басқарған баспаханада бәйбішесі Рәзия апай, қыздары Несібелді, Зайра өзімен бірге еңбек етті. Ал екінші зайы-



бы Мәшқура апай болса редакцияда корректор болып қызмет істеді. Осылайша Ахметжановтар отбасының барлық мүшесі редакция мен баспахана жұмысының жоғары деңгейде жүруіне көп еңбек сіңірді. Олардың әулеттік еңбек өтілі 140 жылға жуықтайды.

Уәли ХАЙРОЛЛАҰЛЫ – 1925 жылы туып, 2010 жылы қайтыс болды. Тыл және еңбек ардагері. Еңбек жолын мұғалім болып бастаған. 1958-1960, 1968-1972 жылдар аралығында редактордың орынбасары болған.

Бұл кісінің басты еңбегі – аудан тарихы туралы жазылған бірнеше кітаптан тұратын «Тағлымды шежіре» атты туындысы. Аға қаламгер бұл шығармаларын жасы ұлғайған кезде, 70-тен асқан шағында жазып, кітап етіп шығарды. Аудан тарихын жазуды бірінші болып бастады.

Уәкен – Мендіқара педучилищесін тәмамдағаннан кейін аудандық партия комитетінде лектор қызметінде жүріп, өндірістен қол үзбей Алматы Жоғары партия мектебін бітірген. Көп жылдар аупарткомда лектор, аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі болды, білім саласында жемісті



еңбек етті, мектеп директоры, совхоз бастауыш партия ұйымы хатшысы болды.

Елімізде 1986 жылы ардагерлер ұйымы алғаш құрылғанда аудандық ардагерлер кеңесінің тұңғыш төрағасы болып (1986-2004) 18 жылдан астам уақыт тиянақты жұмыс жасады. Уәкеннің қаламгерлік қызметі осы жылдарда жаңа сатыға көтерілді. Төрағалық елеулі еңбегі үшін Қ.Р. Президентінің Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталды.

Мүсілім ДОСМАҒАМБЕТОВ - 1925 жылы туып, 1990 жылы қайтыс болған. ҚазМУ-дің журналистика факультетінің алғашқы түлектерінің бірі. Оны қызыл дипломмен тәмамдаған. Университетте көрнекті ғалым-журналистер Әбілғайып Ыдырысов, Темірбек Қожақеевтермен бірге оқып, бірге бітірген. Аудандық газет редакциясында 1960-1965 жылдар аралығында редактордың орынбасары болған.

Суреттерде: (солдан оңға қарай) ғалым-журналист Сапабек Әспі, белгілі баспагер Қазтай Ахметжанов, аудан тарихын жазуды алғаш бастаған қарт журналист Уәли Хайроллаұлы.

Мүсілім ағай – Жарбасты Дәнен бидің немересі екен. Мол біліміне сай көрген-білгені де көп болған. Өттең, өмірде жолы болмаған. «Таланты да, таланы да ашылмай, арманда кеткен қаламгердің - бірі» дейтін достары Әбілғайып, Темірбек ағалар. Алматыға бара қалсақ «Мүсілім не істеп жүр? Университетке келіп, ғылыммен айналың десек, хат жазсақ «жок» дегеннен басқа сөзді айтпайды. Ішінде көп нәрсе бар, соны шығара алмай кетеді-ау» - дейтін Әбекең мен Темкең.

Аудан халқы кезінде оның өткір тілмен шеберлікпен жазған фельетондарын сүйіп оқыған көрінеді. Енді соларын жинақтап, бір кітап шығаруға талпыныс жасау – жас журналистердің парызы деп білеміз.

P.S. Газетке жариялау үшін Мүсілім ағамыздың суретін қанша іздетірсек те әзірге таппа алмадық. Бірқатар туыстарынан сұрап көрдік. Ол кісілерде де болмады. Мүмкін алдағы уақытта табылып қалар деген үміттеміз.

Аудандық газеттің ғана емес, жалпы қазақ баспасөзінің қайраткер тулғаларының бірі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, қорғамаған ғылым докторы, сайланбаған академик атанған **Төлеубай Ыдырысов** ағамыз өз қатарластары арасында «АА» газетінің редакциясында 1944 жылдан бастап қызмет жасаған. Өз буынының төлбасы. Жаңа тұрпатты аудан журналистикасын бастаушылардың бірі.

Қ.ҚУАНДЫҚҰЛЫ

Аудан әкімдігінің №53 ҚАУЛЫСЫ 31 наурыз 2015 жыл. Амангелді ауылы. Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін тандау жөніндегі критерийлерді айқындау туралы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Амангелді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін тандау жөніндегі критерийлер осы қаулының қосымшасына сәйкес анықталсын. 2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Қаулы 2015 жылы 05 мамырда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5584 болып тіркелді. Аудан әкіміЖ.Таукенов		
Амангелді ауданы әкімдігінің 2015 жылғы «31» наурыздағы №53 қаулысына қосымша		
Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін тандау жөніндегі критерийлер		
№ р/с	Критерийлер атауы	Иеліктен айыру түрлері
1	Жекешелендіру объектісін әрі қарай бақылауға мемлекеттің мүддесінің болмауы; заңнамамен белгіленген мерзімдерде жекешелендіру объектісін сатудан бюджетке ақшалай қаражатты алу қажеттілігі; ең жоғары мүмкін баға бойынша жекешелендіру объектісін сату және саудаға қатысушылардың кең тобын тарту қажеттілігі; мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды оларды әрі қарай бақылауға мемлекеттің мүддесі болмаған кезде сату.	Сауданы аукционсында өткізу
2	Заңнамамен белгіленген мерзімдерде жекешелендіру объектісін сатудан бюджетке ақшалай қаражатты алу қажеттілігі. сату шарттарын белгілеу жолымен белгілі бір уақыт ішінде жекешелендіру объектісін мемлекеттің бақылауында сақтау қажеттілігі (қызмет бейінін сақтау, кредиторлық берешекті өтеу, жалақы төлемдері бойынша берешектерді өтеу және өзге де шарттар); еңжоғарыбағабойынша жекешелендіруобъектісінсатуқажеттілігі; сату шарттарын белгілеу жолымен белгілі бір уақыт ішінде жекешелендіру объектісін мемлекеттің бақылауында сақтау қажеттілігі (қызмет бейінін сақтау, кредиторлық берешекті өтеу, жалақы төлемдері бойынша берешектерді өтеу және өзге де шарттар) болған жағдайда мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сату.	Сауданы коммерциялықтендерінсында өткізу
3	Сенімгерлік басқарудың, сенімгер басқарушымен, жалға алушымен (жалдаушымен) кейін сатып алу құқығымен мүліктік жалға (жалдауға) беру шартының талаптарын орындау үшін мемлекеттің бақылауын белгілі бір уақыт ішінде сақтау қажеттілігі.	Тікелей атаулы сату

ПОСТАНОВЛЕНИЕ №53 районного акимата

31 марта 2015 года село Амангельды

Об определении критериев по выбору видов отчуждения коммунального имущества

В соответствии статей 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», постановлением Правительства Республики Казахстан от 9 августа 2011 года №920 «Об утверждении Правил продажи объектов приватизации» акимат Амангельдинского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Определить критерии по выбору видов отчуждения коммунального имущества согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за№5584, 05 мая 2015 года.

Аким районаЖ. Таукенов

Приложение к постановлению акимата Амангельдинского района от «31» марта 2015 года №53

Критерии по выбору видов отчуждения коммунального имущества		
№ р/с	Наименование критериев	Виды отчуждения
1	Отсутствие заинтересованности государства в дальнейшем контроле над объектом приватизации; необходимость получения денежных средств в бюджет от продажи объекта приватизации в установленные законодательством сроки; необходимость реализации объекта приватизации по максимально возможной цене и привлечения широкого круга участников торгов; реализации ценных бумаг, принадлежащих государству, при отсутствии заинтересованности государства в дальнейшем их контроле.	Проведение торгов в форме аукциона
2	Необходимость получения денежных средств в бюджет от продажи объекта приватизации в установленные законодательством сроки; необходимость сохранения контроля государства над объектом приватизации на определенный период времени путем установления условий продажи (сохранение профиля деятельности, погашение кредиторской задолженности, погашение задолженности по заработной плате и другие условия); необходимость реализации объекта приватизации по максимально возможной цене; реализации ценных бумаг, принадлежащих государству, при наличии необходимости сохранения контроля государства над объектом приватизации на определенный период времени путем установления условий продажи (сохранение профиля деятельности, погашение кредиторской задолженности, погашение задолженности по заработной плате и другие условия).	Проведение торгов в форме коммерческого тендера
3	Необходимость сохранения на определенный период времени контроля государства за выполнением условий договора доверительного управления, имущественного найма (аренды) с правом последующего выкупа доверительным управляющим, нанимателем (арендатором).	Прямая адресная продажа

Аудандық мәслихаттың №313 ШЕШІМІ 31 наурыз 2015 жыл Амангелді ауылы. Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 387-бабының 1-1-тармағына, 444-бабының 1-тармағына сәйкес, Амангелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: 1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес, пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын. 2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Нормативтік құқықтық акті 2015 жылғы 28 сәуірде нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне №5574 болып енгізілді. Кезектен тыс сессия төрағасыН.Игіліков Аудандық мәслихаттың хатшысыӨ.Саматов КЕЛІСІЛДІ: Амангелді ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы _____ К. Кенжебаев «31» наурыз 2015 жылғы «Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы бойынша мемлекеттік кірістер Департаментінің Амангелді ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы _____ М.Сейткамалов «31» наурыз 2015 жылғы	
РЕШЕНИЕ №313 районного маслихата 31 марта 2015 года. село Амангельды О повышении базовых ставок земельного налога и единого земельного налога на неиспользуемые земли сельскохозяйственного назначения В соответствии с пунктом 1-1 статьи 387, пунктом 1 статьи 444 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) от 10 декабря 2008 года, Амангельдинский районный маслихат РЕШИЛ: 1. Повысить базовые ставки земельного налога и единого земельного налога в десять раз на не используемые земли сельскохозяйственного назначения в соответствии с земельным законодательством Республики Казахстан. 2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования. Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №5574, 28 апреля 2015 года Председатель внеочередной сессииИгликов Н. Секретарь районного маслихатаСаматов А. СОГЛАСОВАНО: Руководитель коммунального государственного учреждения «Отдел земельных отношений акимата Амангельдинского района» _____ К.Кенжебаев «31» марта 2015 года Руководитель республиканского государственного учреждения Управление государствен-ных доходов по Амангельдинскому району департамента государственных доходов по Ко-станайской области комитета государственных доходов Министерства финансов Республи-ки Казахстан» _____ Сейткамалов М. «31» марта 2015 года	

«Амангелді арайы» газетінің 2015 жылғы 01 мамырдағы №17 санында жарық көрген Амангелді ауданы әкімдігінің қаулысының жобасына қосымша төмендегідей редакцияда оқылсын:

Әкімдіктің 2015 жылғы «___» _____ №___ қаулысына қосымша

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша Амангелді ауданының аумағында егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

№	Өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері	Егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуы
Дәнді дақылдар		
1.	Жаздық бидай	2015 жылғы 15 мамырдан 2 маусымға дейін
2.	Арпа	2015 жылғы 15 мамырдан 05 маусымға дейін
3.	Сұлы	2015 жылғы 15 мамырдан 05 маусымға дейін
4.	Тары	2015 жылғы 20 мамырдан 05 маусымға дейін
Майлы дақылдар		
1.	Күнбағыс	2015 жылғы 10 мамырдан 22 мамырға дейін
2.	Рапс	2015 жылғы 20 мамырдан 28 мамырға дейін
3.	Зығыр	2015 жылғы 12 мамырдан 28 мамырға дейін
4.	Мақсары	2015 жылғы 10 мамырдан 22 мамырға дейін
5.	Қыша	2015 жылғы 22 мамырдан 30 мамырға дейін

Приложение постановлению акимата от «___» _____ №_____

Оптимальные сроки начала и завершения посевных работ на территории Амангельдинского района по видам продукции растениеводства, подлежащим обязательному страхованию в растениеводстве

№	Вид продукции растениеводства	Начало и завершение посевных работ
Зерновые культуры		
1.	Яровая мягкая пшеница	с 15 мая по 02 июня 2015 года
2.	Ячмень	с 15 мая по 05 июня 2015 года
3.	Овес	с 15 мая по 05 июня 2015 года
4.	Просо	с 20 мая по 05 июня 2015 года
Масличные культуры		
1.	Подсолнечник	с 10 мая по 22 мая 2015 года
2.	Рапс	с 20 мая по 28 мая 2015 года
3.	Зығыр	с 12 мая по 28 мая 2015 года
4.	Мақсары	с 10 мая по 22 мая 2015 года
5.	Қыша	с 22 мая по 30 мая 2015 года

Амангелді ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қостанайэлектросервис» КМК-ны барлық тұтынушыларды электр желілері мен электр станцияларды 2015-2016 жылдардың күзгі-қысқы мерзіміне дайындау үшін жүргізілетін жөндеу жұмыстары кезінде электр энергиясымен қамтамасыз етуде үзілістер болатынын ескертіп, ту-ындайтын қолайсыздықтар үшін кешірім сұрайды. «Қостанайэлектросервис» КМК

ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ ЖАБЫЛДЫ

Едресов Дүзенбайдың атындағы шаруа қожалығы осы хабарландыру жарияланған күннен бастап жабылды. (ғос акт 001849 кадастровый номер участка код: 122772007 - 078 карта)

«ДАНИЯР ҮСЕНОВ АЗАМАТТАР СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП БЕРДІ»

«Университеттен кейін бірден сыбайлас жемқорлық қызметіне түсуге болады ма?» бұл, азаматтардан жақында өткен облыстық «Қостанай таңы» газетінің ресми сайтындағы интернет-конференциясына келіп түскен ең алғашқы сұрақтарының бірі болды.

21 сәуірде онлайн тәртібінде Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Қостанай облысы бойынша Департаментінің басшысы Данияр Үсенов азаматтар сұрақтарына жауап берді. Өздерінің сұрақтары мен ұсыныстарын сайт қонақтары облыстық газеттің электронды мекен жайына жіберді немесе хабарласты. Осылайша, бір сағат ішінде Департамент басшысына 10-нан аса сұрақ келіп түсті. Мекеме жұмысының әсерлілігі, үлкен шу шығарған істер және мемлекеттік қызметке кіру үрдістері туралы сұралды. Тек қана сұрақтар емес,

қостанайлықтар қоғамда жемқорлық фактілерінің туындаулары туралы мәселелері бойынша өз ойларымен бөлісіп, Департамент қызметін жеңілдіру бойынша ұсыныстарын айтты. Өткен конференция нәтижелері бойынша бір де бір сұрақ жауапсыз қалмады. Олардың әрбіреуі бойынша Департамент басшысы толықтай жауаптар және түсіндірмелер берді. Азаматтардан түскен әрбір ұсыныс бақылауға алынды.

Данияр Үсеновтың айтуынша, конференциялар азаматтардың мемлекеттік мекемелерге деген сенімін арттырады, сондықтан осындай форматтағы диалогтарды үнемі түрде өткізу жоспарланып отыр.

*Қостанай облысы бойынша ҚРМҚІСЖҚІК Агенттігі
Департаментінің жемқорлыққа қарсы сұрақтарына
және жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасау бөлімі
Тел: 8(7142)914-262*

Бес бірдей реформа

Мемлекет басшысы үстіндегі жылдың 26 сәуірінде өткен сайлауға кандидат ретінде ұсынылып қана қоймай, осы науқанда айтылатын, болашаққа бағдарланатын бағдарламалық сөзін де жария еткен болатын. Бес бірдей реформаны алға тартып, оның халықтық мәні зор екеніне назар бұрды, ендігі оларды іске асырмақ. Еліміз Тәуелсіздік жылдары ішінде әлеуметтік-экономикалық, саяси және әкімшілік реформалардың ауқымды жолын еңсергені белгілі. Елбасы айтпақшы жетістікке жетіліп, тоқтап қалуға болмайды. Ұсынылатын реформалар да осы ілгері жылжудың өзегі:

Біріншіден – экономикалық бағдарламалардың тиімді жүзеге асуын және мемлекеттік қызметтерді сапалы ұсынуды қамтамасыз ететін заманауи, кәсіби және автономды мемлекеттік аппаратты қалыптастыру. Осы тұста айта кетерлігі, бұл бағытта біраз іс тындырылды. «А» және «Б» корпустары түзілді. Ең алғашқы мемлекеттік қызметтің қазақстандық моделі де қалыптасты. Осыған орай, Президент алдағы маңызды міндет – мемлекеттік қызметшілер корпусын кәсіби және автономды ету екенін алға тартты. Бұл ретте Елбасы сайлау секілді саяси оқиғалардың, министрлердің, әкімдердің және басқа басшылардың ауысуы әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің жұмысына ықпал етпейуі керектігін алға тартты. Сосын мемлекеттік қызметте әрбір басшы төменнен бастап, барлық басқарушылық сатыларын бақысып өтуі тиіс. Осы реформа аясында айтылған және бір жаңалық – мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын төлеудің жаңа жүйесі енгізу. Елбасы бұл ретте жақаныңы шенеуніктің, мемлекеттік қызметкердің еңбек өнімділігіне, басқарушылық үдеріске қосқан үлесіне байланысты төлеуі тиістігін алға тартып отыр. Яғни, әрбір жылдың қорытындысына сәйкес, саяси қызметшілерге қызметінің нәтижелеріне және экономикада жеткен табыстарына қарай бонустар, ал әкімшілік қызметшілерге сыйақы төлеу мәселесі қарастырылуы керек. Бұдан бөлек, Елбасы жұртшылық арасында дарынды адамдарды тауып, мемлекеттік қызметке тарту туралы міндетті де жүктеді.

Екінші реформа – заңның үстемдігін қамтамасыз ету. Осы арқылы меншік құқығына кепілдік беру, соттардың тәуелсіздігі арқылы экономиканың дамуына ықпал ететін меншік иесі құқығын сақталады, кәсіпкерлік үшін жағдай жасалып, келісім міндеттерін қорғауға кепілдік беріледі.

Бұл ретте Елбасы судьяларды тандау, оларға қойылатын кәсіби біліктілік талаптарын – сот жүйесінің әлсіз тұстары екендігін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, судьялар жабық корпорацияға айналмауы тиіс керісінше, қоғамға ашық болуы керек. «Судьялар сот жүйесінде кемінде 5 жыл істеген болуы қажет. Олар қатаң іріктеуден өтуі шарт және аз дегенде 1 жыл тәжірибеден өтуі қажет. Жаңадан алынған судьялар бір жыл тәжірибелік мерзімде болуы тиіс және оқудан соң сынақ тапсырып, ең мықты дегендері қызметке алынуы қажет», - деді Елбасы.

Үшінші бағыттағы реформа – экономиканы әртараптандыруға негізделген индустрияландыру және экономикалық өсім. Бұған қатысты Президент ин-дустрияландыру мен өңдеуші сектордың әлі күнге экономиканың өсімінң нағыз драйверлеріне айналып отырғанын алға тартып, мұның байыбына терең баруды Үкіметке ескертті.

Төртінші реформа – бірыңғай болашақ ұлттың қалыптастыру. Шындағында, бүгінгідей аласапыран заманда қоғамда саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді сақтау саясаты мейлінше маңызды. Бұл жолда Қазақстанның қалыптасқан өзіндік үлгісі де баршылық. Бірқатар ұлт өкілдері Қазақстанның ортақ шаңырағы астында бас қосып, бүкіл әлем үшін ынтымақ пен берекенің үлгісіне айналды. Қазақстан бейбітшіліктің ордасы ретінде әлемге кеңінен таныла бастады. Міне, осыны одан сайын берік ете түсу керек. Елбасы да қазақстандық бірыңғайлықты ары қарай нығайту туралы айтқанда, бұны азаматтық қағидатқа негіздеудің қажеттілігін алға тартты.

Реформаның бесіншісі – транспарентті және есепті мемлекет. Бұл бағытта Елбасы қазақстандық қоғамның өзгерістерге кезең-кезеңмен бейімделіп жатқандығын айтты. Елбасының пайымынша, көптеген елдердің тәжірибесі көрсеткеніндей, «алдымен – күшті мемлекет пен экономика, сосын – саясат» қағидатының бұзылуы апаттарға соқтырып жатыр. Тұтастай алғанда Елбасы ұсынған бес институционалдық реформа ел бірлігін бекемдеп, тұрақтылықты нығыздай түспек. Өйткені, әлемнің барлық табысты деген мемлекеттерінің өзі осындай жолдарды еңсеріп өткен.

Сондықтан да Мемлекет басшысы мұндай реформаның әрқайсысы еліміз үшін орасан зор тәуекел екенін алға тартады.

ДАЙТМАҒАМБЕТОВ,
Аманкелді аудандық сотының кеңес меңгерушісі

ҰБТ - БІЛІМ ТАРАЗЫСЫ

жылының орта мектептердің түлектерімен қатар жоғарғы оқу орындарда білім алу конкурсына қатысуға мүмкіндік алады.

Бітірушілерден ҰБТ-ға қатысуға өтініштер 10 наурыздан 25 сәуірге дейін, ТКТ-ға қатысу үшін өтініштер 20 маусымнан 9 шілдеге дейін, шығармашылық мамандықтар бойынша 20 маусымнан 1 шілдеге дейін қабылданады.

ҰБТ 1-15 маусым, ТКТ 17-23 шілде, шығармашылық емтихандар 2-7 шілде аралығында өткізіледі.

Білім беру гранттарын тағайындау конкурсына өтініш қабылдау 23-31 шілде аралығында қабылданса, мемлекеттік грантты тағайындау конкурсы 1-10 тамыз аралығында өткізіледі.

Тест тапсырмаларын орындау үшін ҰБТ 3,5 сағат, ТКТ-2,5 сағат беріледі.

ҰБТ және ТКТ қатысушылары үшін тестілеу үш міндетті пән: математика, қазақ немесе орыс тілі (оқыту тілі), Қазақстан тарихы, бір пән таңдау бойынша жүргізіледі.

Сонымен қатар ҰБТ қатысушылары ҚР «Білім туралы» Заңының 9 бабымен айқындалған қазақ тілі-орыс тілінде білім алатын мектеп бітірушілері, орыс тілі- мемлекеттік тілде білім алатын бітірушілер үшін міндетті пән ретінде тапсырады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларында ҰБТ ерікті түрде тапсырушылар мен ҰБТ міндетті тапсырушылардың келесі санаты анықталған:

- орта білім берудегі «Алтын белгі» аттестатына үміткерлер,
- орта жалпы білім берудегі үздік аттестатына үміткерлер,
- ағымдағы жылы Қазақстан Республикасының орта білімнен кейінгі оқу орындары мен жоғарғы оқу орындарына түсуші калаған түлектер.

2008 жылдың 23 қаңтарындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №58 қаулысымен бекітілген, қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ережесіне сәйкес, білім гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін 50 балл, «Жалпы медицина» мамандығы үшін-65 балдан кем емес, ұлттық жоғары оқу орындарына түсушілер 70 балдан төмен жинамауы керек, «Білім », «Ауылшаруашылық ғылымдары» және «Ветеринария» бағыттарының мамандықтары үшін 60 балл, соның ішінде бейіндік пәннен 7 балл (әр бір шығармашылық емтиханнан 10 балл) ал қалған пәндер бойынша 4 балдан кем болмауы тиіс.

Ағымдағы жылы ҰБТ ұйымдастыру мен өткізу ережесіне аттестатқа баға қою бойынша өзгерістер енгізілді. Егер осы уақытқа дейін аттестатқа ҰБТ шенберінде тапсырған пәндер бойынша баға мемлекеттік комиссияның шешімі бойынша ҰБТ кезінде алған бағасы қойылса,

ЖАДЫНАМА

Бақылау-қасса машинасын тіркеу кезіндегі белгілеу қызметі және (немесе) ол туралы мәлімет беру

Қазақстан Республикасының «Салық және салықтық басқа да төлемдер» Кодексінің 645бабының 1тармағына сәйкес

2015жылдың 1 шілдесінен бастап жанар май өнімін (авиациялықтан басқа), дизельдік отынды, алкоголь өнімдерін көтерме және (немесе) бөлшек түрде саудалайтын салық төлеушілер, жалпы қолданыстағы телекоммуникациялық байланыс жүйелері орналаспаған аймақта қызмет жасайтын салық төлеушілерді қоспағанда, сауда жасау кезеңінде ақшамен есеп жасаушыларға бақылау-қасса машинасын (БКМ) тіркеу кезіндегі белгілеу қызметін пайдалануға және (немесе) ол туралы мәлімет беруге міндетті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29желтоқсандағы №1393 Қаулысына сәйкес фискалдық мәліметтерді жүргізуші ретінде – (занды тұлға, жалпы қолданыстағы телекоммуникациялық байланыс жүйелермен жұмыс жасайтын қолма-қол есеп айырысуды қамтамасыз ететін режимді пайдаланатын мәліметтермен жұмыс жасайтын салық орғандары) «Қазахтелеком» АҚ анықталды.

ФИСКАЛДЫҚ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЖҮРГІЗУШІ ОПЕРАТОРДЫҢ ВЕБ-РЕСУРСЫ:

www.oofd.kz

Сайтқа тіркелу үшін төмендегілер қажетті:

- 1.Ресми сайтқа кіру
- 2.Фискалдық мәліметтер жүргізуші порталға тіркелу жүргізу
- 3.Ұйымның(мекеменің) деректемесін көрсету
- 4.Фискалды мәлімет жүргізушімен келісім жасап танысу және электронды –цифрлық қолтаңба арқылы қол қою

Сайт көмегімен Бақылау –қассалық машинаның (БКМ) Х-есөбі мен Z- есебін басқару мүмкіндігі жүзеге асырылған.



Жаңа БКМ тіркеу жүргізу

- 1.Техникалық қызмет көрсету орталығы (ТҚКО) жаңа БКМ сатып алу және сим-картасын алу;
- 2.Фискалды мәлімет жүргізу сайтынан фискалды мәлімет жүргізушімен келісім-шарт жасау және электронды –цифрлық қолтаңба арқылы қол қою арқылы жүктеу;
- 3.Жергілікті мемлекеттік кірістер басқармасына БКМ тіркеу туралы өтініш беру және құжаттар тізбегі (құжаттар тізбесіне фискалды мәлімет жүргізуші порталынан цифрлық қолтаңба арқылы қол қою арқылы жүктеліп алынған келісім-шарт жатады);
- 4.Жергілікті мемлекеттік кірістер басқармасынан БКМ тіркеуге арналған карточка алу;
- 5.БКМ порталына тіркеліп ID және БКМ-ге арналған токен алу;
- 6.БКМ тіркеу жасау (ID және токен енгізу арқылы БКМ баптау)

токен – бақылау-қасса машинасын фискалды мәліметтерді жүргізу (ФМЖ)серверін басқарумен теңестірілген және фискалды мәліметтерді жүргізу барысында ақшалық есептер алмасу кезінде рұқсат етілмеген қызметтерді қорғау үшін пайдаланылатын, сандық код.

Жұмыста екі режимі қолданылады:

- Штаттық режим – байланыс каналдарының дұрыс қызметі кезінде;
 - Автономдық режим – серверлік байланыс болмаған жағдайда,72 сағат ішінде жұмыс істейді. Қатысушыларға кеңестік және техникалық қолдау:
 - 1-ші деңгей – уақытша ФМЖ байланыс орталығы Кеңес беру:
 - Салық төлеушілердің ФМЖ порталында БКМ тіркеуі;
 - БКМ қосуға өтініш беру;
 - Және тағы басқа жалпы сұрақтар.
 - 2-ші деңгей – ФМЖ техникалық мамандары
 - ФМЖ порталындағы техникалық кеңестер;
 - ФМЖ ақпараттық жүйесі туралы сұрақтар бойынша техникалық кеңестер;
 - 3-ші деңгей – ФМЖ ақпараттық жүйесін әзірлеушілері:
 - ФМЖ ақпараттық жүйесі туралы сұрақтар бойынша техникалық кеңестер (жүйелерді әзірлеу деңгейінде, интеграция және тағы басқа).
- Жадынама Қазақстандық САЛЫҚ innovation фискалдық мәліметтерді өңдеуге көмек көрсету қауымдастығымен бірігу арқылы дайындалды.
- Сұрақтар бойынша жергілікті мемлекеттік кірістер басқармасына жүгінуге болады (түсініктеме Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің мемлекеттік кірістер комитетінің сайтына орналасқан www.kgd.gov.kz)
- Жергілікті МКБ жолдануға келісілген

аппаратты, мобильді байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшетниктер, iPad, iPod, iPhone, SmartPhone), ноутбуктарды, плейерлерді аудиторияға кіргізуге және пайдалануға рұқсат етілмейді.

Дегенмен, 2014 жылы республика бойынша 7 күндік тестілеу барысында 87,6 мың бітірушіден шамамен 48 мың тыйым салынған құралдар тәркіленіп алынды. Яғни, шамамен ҰБТ-ге қатысушылардың 55% ұлттық бірыңғай тестілеудің Ережесін бұзды.

Қостанай облысы бойынша ҰБТ өткізу орталықтарына қатысушыларды кіргізу барысында 680 мобильді байланыс құралдары тәркіленді.

Сондықтан ҰБТ қатысушылары мен ата-аналар қауымдастығына тестілеу барысында ережені бұзған жағдайда бітіруші аудиториядан шығарылып, ал оның тест нәтижелері жойылатындығына назар аудару қажет.

ҰБТ-дің ашық және әділ өткізілуін қамтамасыз ету мақсатында ҰБТ өткізетін пуніктілерінің аудиторияларын бейнерегистраторлармен жабдықтау талаптары міндеттелді.

Өкінішке орай, ұлттық бірыңғай тестілеу үрдісі барысында жоғарыда аталып кеткен бұзушылықтар ғана анықталмайды.

Мәселен, 2014 жылы бітірушілердің өздеріне берілген 3,5 сағатты тиімді қолдана алмаған жағдайлар болды. Сондықтан, бұл жағдайларды алдын-алу үшін білім беру ұйымдарының басшылары бітірушілермен ақпараттық-түсіндірушілік жұмыстарды күшейту қажет.

Сонымен қатар, мемлекеттік комиссия мүшелерінен басқа техникалық персоналдардың, мүдделі мемлекеттік органдардың қызметкерлерінің ҰБТ өткізу пунктерінде кіруге талпынды. Бұл жағдайлар бойынша ҚР БҒМ өкілдері уақытты жылы қабылдады.

Ағымдағы жылы ҰБТ қорытындысын жасау барысында ҰБТ бітірушілердің тестілеу барысындағы бұзушылықтары, соның ішінде ҰБТ тест нәтижесінің жойылуы, ҰБТ қатысушыларының пайыздық арасалмағы ескеріледі.

Соңғы үш жылда Қостанай облысының бітірушілерінің ҰБТ қорытындысы бойынша нәтижелері жақсаруда. Биылғы жылы Қостанай облысы ҰБТ нәтижесі бойынша жоғары тұғырлардан көрінеді деген үмітпен, мектеп бітіруші түлектерге, педагогикалық ұжымдарға, ата-аналарға жақсы нәтижеге жетуде сәттілік тілегіміз келеді.

Б.Б.ДАУМОВА,
ҚР Білім және ғылым министрлігі
білім және ғылым саласындағы
бақылау комитетінің Қостанай
облысының білім саласындағы
бақылау департаментінің басшысы

«Аманкелді арайы» газетінің 80 жылдығына арналған

БӘЙГЕГЕ ҚАТЫСЫҢЫЗДАР, ЖЕРЛЕСТЕР!

Құрметті оқырман! Аудан өмірінің айнасы әрі шежіресі «Аманкелді арайы» газетінің шыға бастағанына алдағы айда 80 жыл толғалы отыр. Бұл - газеттің ғана тойы емес, аудан халқының тойы! 80 жылдықты лайықты атап өту - ауданымыздың тарихына көрсетілер биік құрмет. Сондықтан да, аудандық әкімдік пен «АА» газетінің редакциясы бірлесе отырып, аудан өмірін әр қырынан көрсететін туындыларға бәйге жариялайды.

Бұл бәйгелер - аудандық газет редакциясында әр жылдарда әртүрлі қызметтер жасаған **Дияр Нұрымов, Бақыт Иманов, Төлеубай Ыдырысов, Сапабек Әсіп, Уәли Хайроллаұлы, Бөгетбай Әлмағанбетұлы, Тәшім Құсайынов, Еренғайып Әбдіхалықов, Өтеген Сейдізмов, Зейнегүл Қойшығұлова, Сейілбек Әбдіқұлы** секілді журналистер мен газет қызметкерлерінің аттарымен аталады. Оларға марқұмдардың балалары мен ұрпақтары, туыстары демеушілік жасайды.

Үздік деп танылған шығармалардың иелеріне сыйлықтар аудандық газеттің 80 жылдығы атап өтілетін алдағы шілде айында салтанатты түрде тапсырылады. Салтанатты рәсімнің өтетін күнін газеттің алдағы нөмірлерінің бірінде хабарлаймыз. Шығармалар арнайы комиссия отырысында талқыланып, сараланады, үздіктер анықталады.

Бәйгеге жіберілетін шығармалар компьютерге басылған 3-4 беттен аспауы керек. Бәйгеге қатысушылардың осы талапты орындауын сұраймыз.

Сонымен, құрметті оқырман, құрметті жерлестер! Сіздерді бәйгеге қатысуға шақырамыз.

Ұымдастыру комиссиясы.

2015 жылдың екінші жартыжылдығына баспасөзге жазылу жұрды

ӨЗ ГАЗЕТІҢІЗГЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Құрметті оқырман! Еліміз бойынша қазір 2015 жылдың баспасөзіне екінші жартыжылдыққа жазылу жүріп жатыр. Бұл науқанға 1 жылға тұтас жазылмаған оқырмандар қатысып, екінші жартыжылдыққа жазылады. Сонымен қатар, жаңадан жазылғысы келетіндер болса, оларға да құшағымыз ашық.

Жеке адамдар үшін: «АМАНКЕЛДІ АРАЙ-ЫНА» 2015 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу бағасы – 1 500 теңге.

Мекеме-кәсіпорындар үшін: 6 айға жазылу бағасы – 1 800 теңге.

Құрметті оқырман! Сіздердің өз газеттеріңізге жазылуда ұйымшылдық көрсететіндеріңізге сенеміз!

Құрметпен - «АА» газетінің редакциясы.

А Қ П А Р А Т Т Ы Қ Х А Б А Р Л А М А				
Аманкелді ауданының әкімдігі 04 мамыр 2015 жылы сағат 15:00-де Аманкелді селосы, Б. Майлин көшесі №14 ғимаратта мемлекеттік меншіктегі ауылшаруашылығы мақсатындағы босалқы жер қорындағы жер учаскелерін жалдау құқығымен алуға ашық конкурс өткізді. Төмендегідей конкурсқа қатысушылар жеңімпаз болып табылды:				
Лот №	Заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның атауы	Жер учаскесінің атауы	Жер учаскесінің көлемі, га	Жалға алу мерзімі, жыл
1	«Нұрай-Н» ЖШС-гі	Егістіктері-707 га, жолдар астындағы жерлер-1 га	708	48
2	«Нұрай-Н» ЖШС-гі	Егістіктер-200 га	200	48
3	Жанарбаев Отеғали	Жайылымдығы-499 га, жолдар-1 га	500	48
4	Мұхамбетжанов Құдайберген	Егістігі-510 га, жайылымы-360 га, жолдар-1 га, басқада алқаптар-9 га.	880	48
5	Сыздықова Құралай	Жайылымдығы-540 га, басқада алқаптар-2 га.	542	48
6	Глеубаева Балапан	Егістігі-140 га	140	48
8	Глеубаева Балапан	Егістіктері-806 га, жолдар астындағы жерлер-2 га	808	48
9	Глеубаева Балапан	Жайылымы-843 га, б. алқаптар-2 га	845	48
10	Глеубаева Балапан	Егістіктері-1205 га, жолдар -2 га	1207	48
11	Наменов Жандос	Егістіктері-1407 га	1407	48
12	Наменов Жандос	Егістіктері-421 га, жолдар -1 га	422	48
13	Наменов Жандос	Егістіктері-408 га	408	48
14	Наменов Жандос	Егістіктері-392 га	392	48
15	Наменов Жандос	Егістіктері-569 га	569	48
16	Наменов Жандос	Егістіктері-301 га	301	48
17	Әмір Қарғабек	Шабындығы-171 га, жайылымы-28 га, жолдар-1 га.	200	48
18	Есниязов Қуанышбай	Жайылымы-2540 га, жолдар-3 га, су астында-0,5 га, б. алқаптар-37,5 га	2581	48
19	Баймағанбетов Уразғали	Жайылымы-1597 га, жолдар-2 га, б. алқаптар-112 га.	1711	48
20	Алимсурын Бауыржан	Егістіктер-202 га.	202	48
21	Әбдіхалық Нұрбек	Жайылымы-698 га, жолдар-2 га	700	48
22	Ахмедин Қайыржан	Егістігі-224 га	224	48
23	Ильясов Талғат	Жайылымы-2191 га, жолдар-4 га, б. алқаптар-6 га.	2201	48
24	Ходенов Асқар	Жайылымы-2454 га, жолы-4 га, су астында-5 га, құрылыс астында-3 га, б. алқаптар-16 га.	2482	48
25	Ахмедин Қайыржан	Жайылымы-1790 га, жолы-5 га, су астында-4 га, б. алқап.-7га	1806	48
26	Оспанов Сандибек	Жайылымы-1538 га, жолы-3 га, б. алқаптар-9 га.	1550	48
27	Наурызбаев Серик	Жайылымы-998 га, жолдар-1 га, б. алқаптар-1 га	1000	48
29	Жандильдин Сабит	Шабындықтар 34 га	34	48
30	Шекеров Мадихан	Шабындығы-5 га, қамыстар бұталар-25 га.	30	48
31	Мақтаған Батима	Шабындығы-22 га, қамыстар бұталар-18 га.	40	48
32	Сағындыков Шоқан	Шабындығы-70 га, жайылымы-43 га.	113	48
33	Жармағанбетов Жанболат	Шабындығы-176 га, жайылымы-63,6 га, б.а.-0,4 га	240	48
34	Қусаинов Бахытбек	Шабындығы-47 га, су астында-1 га, б. алқаптар-2 га.	50	48
35	Турмағанбетов Мырзағали	Жайылымдық-195 га, Шабындық-402 га, б.а.-3 га	600	48
36	«Нұрлы жол 2015» ЖШС	Жайылымы- 7098 га, шабындығы-1711 га, б.а.-108га	8917	48
37	«Нұрлы жол 2015» ЖШС	Шабындығы-1083 га	1083	48
38	«Нұрлы жол 2015» ЖШС	Жайылымдықтар-1546 га, су астындағы жерлер-31 га, жолдар-5 га, құрылыс астында-8 га, басқада жерлер-17 га	1607	48
40	Карбозов Инабат	Шабындығы-20 га	20	48
41	Аубакирова Бижамал	Шабындығы-30 га	30	48
42	Альмағанбетов Еркін	Шабындықтар, жайылымдықтар-301,2 га	301,2	48
43	Бұхарбаев Наурызбай	Жайылымдықтар-1000 га	1000	48
44	«Евразия инвест» ЖШС	Жайылымдығы-99940 га, су астында-9 га, құрылыс астында-30 га, жолдар-10 га, басқада алқаптар-11 га.	100000	48
45	Бейбитов Хамитбек	Шабындығы-453 га, жайылымдығы-2515 га, жолдар-12 га, құрылыс астында-2 га, басқада алқаптар-18 га.	3000	48
46	Аюпов Еламан	Жайылымдығы-2158,6 га, жолы-8 га, су астында-5 га, б. алқаптар-0,4га.	2172	48

№7,28,39 лоттар бойынша конкурстық өтініштер болмауына байланысты конкурстық сауда өткізілмеді деп шешілді. Конкурстық өтініштері салынған Амангелді селосының тұрғыны Нұркелді Төкеновтің, Талғат Мусиннің конкурстық комиссия отырысына келмеуіне байланысты конверттері ашусыз қалдырылды.

Қосымша ақпараттар мен анықтамаларды мына телефон арқылы алуға болады:(8714-40) 21276.факс (8714-40) 21276

110200. Меншік иесі : «Аманкелді арайы» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Газет ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2014 жылдың 17 сәуірінде қайта тіркеуден өткізіліп, №14308-Г куәлігі берілді. Газет «Қостанай - полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Жарнама мен хабарландырудың, құттықтаудың мәтініне редакция жауап бермейді. Газетте жарияланған автор пікіріне редакция көзқарасын білдірмейді.

Компьютерлік 3 беттен асатын материялдар қабылданбайды. Мақалалар компьютерде теріліп редакцияға электронды вариантта жеткізілуі тиіс. Түсініксіз қолжазбалар қабылданбайды. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1970 дана. Тапсырыс - 978

Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2- қабат, Телефондар: (8 714-40) 2-38-10. 2-10-57.

Құттықтаймыз!

МҮШЕЛТОҰ - 37 ЖАС!

Анасына сүйікті бала, зайыбына адал жар, балаларына ардақты әке, жиендеріне құрметті нағашы **Талғат Бірәліұлы БІРӘЛИНДІ** 21 мамыр күні толатын мүшел жасы - 37-ге келуімен құттықтап, оған барлық жақсылықтар тілейміз.

Ешүақытта жабырқамай көңілін, Қуанышқа толы болсын өмірін. Ұл-қызыңның қызығын көр молынан, Ағайынға артық болып қадірін.

40, 50, 60 жастан шауып өт, 70, 80, 90-ды да жолдас ет. Шөбере мен шөпшек сүйіп қартаймай, Жамбыл атаң секілді аман 100-ге жет!

Игі тілек білдірушілер: анасы Балқия, зайыбы Сандуғаш, балалары, жиендері.

ХАБАРЛАМА

Казакстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-02/664 бұйрығына сәйкес Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидалары бекітілді

Субсидиялар сомаларын және тұқымдар мен көшеттердің әрбір түрі бойынша субсидия алушылар тізімін айқындау үшін ауданымызда ведомствоаралық комиссия құрылды. Атқарушы орган; Амангелді ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Сол себептен Амангелді ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесі ауыл шаруашылық тауар өндірушілерден субсидия сомаларын және тұқымдар мен көшеттердің әрбір түрі бойынша субсидия төлеу үшін, мерзімі 20 маусымға дейін құжаттарды қабылдайды.

Керекті құжаттар тізімі:

- Өтінім
- Бірінші көбейтілген тұқымдардың сорттық және себу сапасын растайтын құжаттар (тұқым куәліктері,счет фактура сатып алынған жөнінде көшірме)
- Бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алған көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімі (көшірме)

Ауыл шаруашылық тауар өндірушілерд шынайы емес мәліметтер ұсынған үшін Қазакстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

ИНФОРМАЦИЯ

Согласно приказа Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан от 12 декабря 2014 года № 4-2/664 утверждены Правила субсидирования развития семеноводства. Для определения списка сельхозпроизводителей на получение субсидий в районе создана межведомственная комиссия (МВК). Рабочим органом является КГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства акимата Амангельдинского района»

В связи с этим КГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства акимата Амангельдинского района» осуществляет прием документов от сельхозпроизводителей (СХТП) для выплаты субсидий по каждому виду семян (первой репродукции) и саженцев. Срок предоставления заявок до 20 июня 2015 года.

Перечень необходимых документов:

- Заявка.
- Копии счет фактур, подтверждающих приобретение семян первой репродукции и гибридов первого поколения.
- Копии сводного реестра по объемам приобретения семян.

СХТП несет ответственность за достоверность представленных документов в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

Бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі-сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес. Бұл мәселе - қоғамның, Қазақстанның экономикалық және саяси өмірінде ең маңызды болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы түру елдің дамуына жалпы мемлекеттік міндеті. Оның байқалуы азаматтардың құқықтарына және мүдделеріне шек қойып, заңдылықтың принциптерін бұзады. Сыбайлас жемқорлықпен қарсы күресу үшін мемлекеттік инспекторлар арасында құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз қызметіндегі шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Сыбайлас жемқорлық ел экономикасының көтерілуіне үлкен кедергі келтіріп отырған қоғамымыздың ең басты қауіп-қауіптерінің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықпен күресті әр азамат өз қызметі шегінде жүргізуге тиіс. Сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты елімізде жеткілікті мөлшерде заңнамалық база жасақталған. 1998 жылдың 2 шілдесінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданды. Ендігі міндет осы заңдарымыздың шеңберінде жемқорлықтың алдын-алу, оның жолын кесу жолдарын кесу жұмыстарын жандандыру. Сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылықтарға жол бермеу ерекше назарда. Осы мақсатта «Алтын-Дала МТР ММ-сі ғимаратында жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне уақытлы жауап беру,орындау негізгі міндет болып саналады. Жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштер тиісті заңнамаларға сәйкес жүргізіледі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасын бұзу фактілері туралы мәліметтерді уақытлы хабарлап отыру біздің ұжымның негізгі бағыттарының бірі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей барлығымыз бір болып күрессек алынбайтын қамал жоқ. Сондықтан ағайын, сыбайлас жемқорлық бірге күресейік.

Ж.СЫЗДЫКОВ,
«Алтын Дала» МТР ММ-нің экологиялық туризм және агарту бөлімінің басшысы.

НОТАРИУС: 01.03.2015 жылы қайтыс болған аз.Шоманова Жамал Байсейтовнаның мұрасы бойынша мұралық іс ашылды. Мұрагерлерді Қостанай облысы, Амангелді ауданы нотариусы Исмағұлова Ақмарал Бахытжановнаға Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, М.Маметова көшесі, 21 мекен-жайы бойынша хабарласуларыңызды сұраймын.

САТАМЫН

Бордакыланған семіз сиыр сатамын. Бағасы келісім бойынша. Кез-келген уақытта хабарласуға болады. Ұялы тел: **8-702-434-72-58**